

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 маусымдағы N 621 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 ж., N 23-24 Жаршысы (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжат; N 13-14, 195-құжат; N 205; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжат; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжат; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; 16, 91-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 жылғы 21 мамырдағы "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 21

мамырдағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне толықтырулар енгізу туралы (Жалпы бөлім)" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 мамырдағы Заңы):

1) 43-баптың 2-тармағы ", Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа жағдайлардағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 328-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"328-бап. Ломбардтарға зат салу

1. Қысқа мерзімді несиелерді қамтамасыз ету үшін азаматтардан жеке тұтынуға арналған жылжымалы мүлікті кепілге алуды ломбардтар ретінде тіркелген заңды тұлғалар айрықша кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде былайша жүзеге асыра алады:

1) жылжымалы мүліктерге кепілге қысқа мерзімді кредиттер беру;

2) қымбат металдар мен асыл тастары бар зергерлік бұйымдарды есепке алу, сақтау ж ә н е с а т у .

Ломбардтар инвестициялық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

2. Ломбардтағы заттарды кепілге алу шарты ломбардтың кепілдік билетін беру арқылы ресімделеді және онда кепілдік берілген мүлікті сақтандыру талаптары болуы мүмкін. Кепілдік берілген мүлікті сақтандыру ломбардтың есебінен жүзеге асырылады.

3. Ломбардтың кепілдікке алынған заттарды пайдалануына және иелігіне алуына қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

4. Ломбард кепілдікке алынған заттардың жоғалуы және бүлінуі дүлей күштің салдарынан болғандығы дәлелденбесе, онда кепілдікке алынған заттардың жоғалуына ж ә н е б ү л і н у і н е жа у а п б е р е д і .

5. Ломбардтар өз қызметтерін ломбардтың жоғарғы органы бекіткен операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы Ережесі болған жағдайда ғана жүзеге асырады ж ә н е онда мынадай ақпараттар болуы тиіс:

1) беріліп отырған кредиттердің белгілі сомалары мен мерзімдері;

2) беріліп отырған кредиттер бойынша сыйақы ставкасының белгілі шегі;

3) операцияларды жүргізудің ставкалары мен тарифтері;

4) ломбардтардың және олардың клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жа у а п к е р ш і л і к т е р і ;

5) кепіл беруші кепіл билетін жоғалтып алған кезде оның дубликатын беру тәртібі;

б) өз г е д е т а л а п т а р .

Ломбард операцияларын жүргізу туралы Ереже ломбард клиенттері қарауға ы н ғ а й л ы ж е р г е і л і н у і т и і с .

6. Кепіл берушінің осы Кодекс бойынша ұсынылған құқықтармен салыстырғанда ломбардтағы заттарға кепілдік беру құқықтарын шектейтін шарт талаптары шарт жасалған сәттен бастап өзінің күшін жояды. Ол талаптардың орнына осы Кодекстің тиісті ережелері қолданылады.";

3) 370-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) егер консервация немесе таратылу процесінде болып отырған банкке қоятын кредитордың талаптары талап ету құқықтарын басқаға беру шарт(тар)ынан туындап жатса".

2. 1999 жылғы 1 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжат; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 715-баптың үшінші бөлігіндегі "банктер болып табылады" деген сөздердің алдынан "және почтаның ұлттық операторы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 727-баптың 1-тармағы "төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық талаптары бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 728-баптың 4-тармақшасы алып тасталсын;

4) 743-баптың екінші бөлігіндегі ", банк қызметін реттейтін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжат; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжат; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат ; N 9, 26-құжат):

1) 1 6 8 - 2 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "банктердің" деген сөздерден кейін "банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің, сондай-ақ банк холдингінің немесе банктің ірі қатысушысының белгілеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "банктердің" деген сөздерден кейін "банктердің ірі қатысушыларының, банк холдингтерінің," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 170-баптағы "мәртебесі" деген сөз "белгілері" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 1 7 3 - б а п т а :

сегізінші бөлігіндегі "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының" деген сөздерден кейін "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысының белгілеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы бөліктермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"17. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болуға келісім алуға байланысты Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген талаптарын бұзу - азаматтар үшін елуден екі жүзге, ал заңды тұлғаларға - жүзден мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуы осы құжаттың он тоғызыншы бөлігіне көзделгеннен басқа жағдайда Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі жөніндегі заңдар талаптарын бұзған жағдайда - лауазымды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі, ал заңды тұлғаларға - бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

19. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы алдын-ала мемлекеттік уәкілетті органның рұқсатынсыз еншілес ұйымын құрған не иеленген жағдайда - лауазымды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі, ал з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ғ а -

бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) мынадай мазмұндағы 175-1, 175-2-баптармен толықтырылсын:

"175-1-бап. Заңдарда белгіленген қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлерін келісу туралы талаптардың бұзылуы

Қаржы ұйымы қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлері қызметіне тағайындау (сайлау) тәртібіне қойылатын талаптарды бұзған жағдайда - заңды тұлғаға - жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

175-2-бап. Қаржы ұйымдарының филиалдарының, өкілдіктерінің қызметін ашу және тоқтату тәртібінің бұзылуы

Қаржы ұйымы филиалдарының және өкілдіктерінің қызметін ашу, тоқтату, сондай-ақ қаржы ұйымы филиалдарының және өкілдіктерінің қызметін ашу кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары сақталмағандығы туралы уәкілетті органға у а қ т ы л ы х а б а р л а м а ж а с а м а у

Қаржы ұйымы филиалдарының және өкілдіктерінің қызметін ашу тоқтату тәртібін бұзған, сондай-ақ қаржы ұйымы филиалдарының және өкілдіктерінің қызметін ашу кезінде Қазақстан Республикасы банктік заңдарының, қаржы ұйымдары филиалдарының және өкілдіктерінің қызметін ашу кезінде Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі және зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарының талаптары с а қ т а л м а ғ а н ж а ғ д а й д а -

лауазымды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі, заңды тұлғаға жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) мынадай мазмұндағы 199-1, 199-2, 199-3-баптармен толықтырылсын:

199-1-бап. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы келісімін алуға байланысты Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарының бұзылуы

Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы келісімін алуға байланысты Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген талаптарының бұзылуы -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі, заңды тұлғаға - жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

199-2-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамаларға сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға беру талап етілетін мәліметтерді бермеуге, уақтылы бермеуге немесе күмәнді мәліметтерді беруге байланысты бұзушылықтар

Жинақтаушы зейнетақы қорының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының белгілеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің (құрылтайшыларының) және оның аффилиирленген тұлғаларының мәліметтерді бермеуі, уақтылы бермеуі немесе күмәнді мәліметтерді беруі -

елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

199-3-бап. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы жинақтаушы зейнетақы қорларының заңсыз қатысуына байланысты бұзушылықтар

1. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының заң талаптарын бұзуға қатысуы -

лауазымды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі, заңды тұлғаға - бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Уәкілетті органның алдын ала келісімінсіз жинақтаушы зейнетақы қорының еншілес ұйымды құруы не сатып алуы -

лауазымды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі, заңды тұлғаға - бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

б) 573-баптың бірінші бөлігіндегі "175 (бірінші бөлік)," деген сөздерден кейін "175-1, 175-2" деген сандармен толықтырылсын, "198," деген сандардан кейін "199-1, 199-2, 199-3," деген сандармен толықтырылсын.

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73,

75-құжат; 75; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133-құжат; N 139; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

1) 91-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) сатылатын күні қор биржасының ең жоғары және жоғарыдан кейінгі санат ресми тізімдерінде бар акциялар мен облигациялардың қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатылу кезіндегі құнының өсімінен түскен кіріс;"

2) 131-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "уәкілетті органның лицензиясы негізіндегі заем операциялары және резидент банктерге және лизинг берушілерге төленетін сыйақылар" деген сөздер "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізіндегі кредиттік серіктестіктердің, микрокредиттік ұйымдардың банктік заем операциялары және резидент банктерге және лизинг берушілерге төленетін сыйақылар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 227-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қосылған құн салығынан босатылатын қаржы қызметтеріне мыналар жатады:

1) Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиялары негізінде жүзеге асыратын және банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін, сондай-ақ олардың қызметін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өкілеттіктер шегінде уәкілетті органның лицензиясынсыз реттейтін өзге заңды тұлғалар жүргізетін мынадай банктік және өзге

о п е р а ц и я л а р :

депозиттерді қабылдау заңды және жеке тұлғалардың банктік шоттарын жүргізу;

банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

тазартылған қымбат металдардың монеталарының сол тұлғаға қатысты нақты саны көрсетілетін жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;

а у д а р ы м о п е р а ц и я л а р ы ;

б а н к т і к з а е м о п е р а ц и я л а р ы ;

с е н і м г е р л і к (т р а с т) о п е р а ц и я л а р ы ;

б а н к а р а л ы қ к л и р и н г ;

к а с с а о п е р а ц и я л а р ы ;

шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;

инкассоға төлем құжаттарын (вексельдерден басқа) қабылдау;

аккредитив ашу (көрсету) және растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

сенімгерлік операциялары: сенім білдірушінің мүддесі және тапсырмасы бойынша

банкілер және ипотекалық компаниялар жүзеге асырып отырған ақшаны, тазартылған

қ ы м б а т

м е т а л д а р д ы

б а с қ а р у ;

ақшалай нысанда орындау көзделген банктік кепілдіктерді беру;
үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделген банктік кепілдемелерді
және өзге де міндеттемелерді беру;

банктер жүзеге асыратын факторинг және форфейтинг операциялары.

2) бағалы қағаздармен операциялар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген лицензиялар негізінде бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылатын қызметті ұйымдардың көрсетуі және олардың қызметін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес мемлекеттік инвестициялық саясаты Қазақстан Республикасының заң актісіне сай іске асыруға уәкілетті банктің лицензиясыз реттейтін өзге де заңды тұлғалардың бағалы қағаздармен жүзеге асыратын операциялары;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) жөніндегі операциялар, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау және орындау бойынша сақтандыру брокерлерінің (сақтандыру агенттерінің) қызмет көрсетуі;

4) төлем карточкаларымен, чектермен, вексельдермен, депозиттік сертификаттармен операциялар;

5) зейнетақы активтерімен, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік қорының активтерімен инвестициялық басқару жөнінде қызмет көрсету;

6) ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша талап ету құқықтарын басқару жөнінде қызмет көрсету;

7) зейнетақы активтерінен алынған инвестициялық кірісті бөлу және есепке алу жөніндегі зейнетақы жарналарын тарту бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі;

8) кәсіпорынның жарғылық капиталындағы қатысу үлесін іске асыру;

9) микрокредиттер беру жөніндегі операциялар;

10) ломбардтардың жылжитын мүлікті кепілге ала отырып қысқа мерзімді заемдар беруі;

11) кредиттік серіктестіктердің өз қатысушылары үшін көрсететін мынадай операциялары бар:

аударым операциялары: ақша төлеу және аударым жасау тапсырмаларын орындау;

заем операциялары: ақшалай нысандағы кредиттерді төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптары бойынша беру;

кредиттік серіктестік қатысушыларының шоттарын ашу және жүргізу;

кредиттік серіктестік қатысушылары үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін кепілдіктер, кепілдемелер және өзге міндеттемелер беру."

5. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-

құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжат; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжат; N 13-14, 173, 176-құжат; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжат; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжат; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат):

7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Лицензиялауды талап ететін қызметті жүзеге асыруға немесе белгілі бір іс-қимылды (операцияларды) жасауға мемлекеттік орган, сондай-ақ Қазақстан Даму Банкі, кредиттік серіктестіктер, Почтаның ұлттық операторы жүзеге асыратын қызметтен (операциялардан) басқа, мұндай қызметті (операцияларды) лицензиясыз жүргізу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда ғана жол беріледі."

6. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

1) 6 - б а п т а :

екінші бөліктегі "банктік және сақтандыру қызметі" деген сөздер "қаржылық қызмет көрсету" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ал банктердің филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын есептік тіркеу үшін - аталған органның келісімі" деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

үшінші бөлік алып тасталсын;

2) 8-баптың екінші бөлігіндегі "орналасқан жері" деген сөздерден кейін "(банктің филиалдарының бір облыс (аудан), Алматы (ауданы) және Астана (ауданы) қалалары шегінде орналасқан бірнеше мекен-жайлар иелену құқығы бар)".

7. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N

11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат):

8 - б а п т а :

д-1) ", осы тұлғаға тиесілі; кассалық операциялар; аударымдық операциялар; есепке алу операциялары; жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде корреспондент банктердің тапсыруы бойынша олардың банк шоттары бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру; банкаралық клиринг; сейфтік операциялар; ломбардтық операциялар; төлем карточкаларын шығару; банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау және салып жіберу; шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру; чек кітапшаларын шығару; аккредитив ашу (ұсыну) және растау мен ол бойынша міндеттемелерді орындау және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) банк операцияларының жекелеген түрлері бойынша уәкілетті органның лицензия еру мүмкіндігі туралы қорытынды береді;" деген сөздерді ", және осы тұлғаға тиесілі қымбат металдардан жасалған монеталар; кассалық операциялар; аударымдық операциялар; есепке алу операциялары; банкаралық клиринг; төлем карточкаларын шығару; банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау; шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру; аккредитив ашу (ұсыну) және растау мен ол бойынша міндеттемелерді орындау" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы д-2) тармақшасымен толықтырылсын:

"д-2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда банктердің банктік операциялары және сейф операцияларының жекелеген түрлері бойынша уәкілетті органның лицензия беру мүмкіндігі туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) қорытынды береді, сондай-ақ осындай қорытындыны беру тәртібін айқындайды;"

8. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжат; N 15, 138, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат ; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат):

1) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) банктің аффилиирленген тұлғасы - "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабымен белгіленген тұлғалар, сондай-ақ банк конгломератының қатысушылары;

2) банк конгломераты - сабақтас ұйымнан және оның еншілес ұйымынан, сондай-ақ сабақтас ұйым және/немесе оның еншілес ұйымының капиталында мейлінше қатысы бар ұйымнан тұратын және мынадай талаптарға сәйкес келетін заңды тұлғалар тобы:

банк сабақтас ұйым болып табылады немесе еншілес ұйымдардың бірі банк болып табылады;

банк сабақтас ұйым болып табылмайды, бірақ топтың жұмысы негізінен банктік секторға жинақталған, яғни банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтерінің, топтың жиынтық активтерінің қатынасы қырық және одан артық процент болып отыр;

банк сабақтас ұйым болып табылмайды, бірақ топта бір банк және өзге қаржы ұйымы бар;

Егер заңды тұлғалар тобында сабақтас ұйым - Қазақстан Республикасының резидент емес банкі бар болса, онда банк конгломераты Қазақстан Республикасының резиденті еншілес банкін, оның еншілес ұйымдарын, сондай-ақ еншілес банктің және оның еншілес ұйымдарының капиталында едәуір қатысы бар еншілес банкті таниды.

3) банк холдингі - бұл уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес банктің дауыс беретін акциясының жиырма бес немесе одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін немесе:

банктің дауыс беретін акциясының жиырма бес немесе одан астам процентімен тікелей немесе жанама дауыс беру;

шарттың күшімен не өзге жағдаймен бақылау жасау жолымен банк қабылдап отырған шешімдерді айқындау мүмкіндігі бар заңды тұлға Қазақстан Республикасының резиденті немесе резидент емесі (мұндай иеленуші мемлекет болатын жағдайлардан басқаса);

Осы Заңның банк холдингі мәртебесін алу жөніндегі талаптары өзі тұратын елде шоғырландырылған қадағалауға жатпайтын Қазақстан Республикасының резидент емес банкіне қолданылмайды.

4) депозит - бір тұлғаның (депозитордың) басқа тұлғаға - банкке, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) почтаның Ұлттық операторына олардың алғашқы талап етуі бойынша ма немесе белгілі бір уақыт аралығында қайтарыла ма жоқ па, алдын ала келісілген үстеме бойынша ма, жоқ па тікелей депозиторға ма, жоқ әлде оның тапсыруы бойынша үшінші тұлғаға беріле ме жоқ па, осыларға қатыссыз, оларды номиналды түрде қайтару талабымен берген ақшасы;

5) еншілес ұйым - оған қатысы бар заңды тұлға бақылау жасап отыратын заңды

тұлға. Акциялары кепіл туралы шарт талаптарына сәйкес банк меншігі ретінде қабылданатын заңды тұлғалар еншілес ұйым болып есептелмейді, сонымен бірге мұндай акциялардың сатылу мерзімі бір жылдан аспауы тиіс;

6) капиталға қомақты қатысу - бір немесе бірнеше тұлғалармен тікелей немесе жанама, жеке немесе бірлесе отырып иелену не дауыс беруші акциялардың (қатысушылардың салымдарының) жиырма не одан аса процентіне дауыс беру мүмкіндігіне ие болуы;

7) бақылау - мынадай талаптардың бірі пайда болған кезде бір заңды тұлғаның екінші заңды тұлғаның қаржылық немесе шаруашылық қызметін айқындау мүмкіндігі:

бір немесе бірнеше тұлғалармен жекелей не бірлесіп басқа тұлғаның дауыс беруші акцияларының елу процентінен астамын тікелей немесе жанама иелену не басқа заңды тұлғаның дауыс беруші акцияларының елу процентінен астамына дербес дауыс беру мүмкіндігінің болуы;

басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің немесе Басқармасының жартыдан кем емес құрамымен басқа заңды тұлғаның сайлану мүмкіндігі;

аудиторлық есепке сәйкес бір заңды тұлғаның қаржылық есебінің басқа заңды тұлғаның қаржылық есебіне қосылуы;

бір заңды тұлғаның екінші заңды тұлғаны қаржылық немесе шаруашылық қызметін шарттың (растаушы құжаттар), сондай-ақ өзге жағдайда не уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда айқындау мүмкіндігінің болуы;

8) банк акциясын жанама иелену (дауыс беру) - банктің ірі қатысушысының (банк холдингінің) немесе банктің бірлескен ірі қатысушысы (банк холдингі) болып табылатын тұлғаларының бірінің немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен көзделген басқа жағдаймен акцияларын иеленуі (дауыс беру мүмкіндігі);

9) банктің ірі қатысушысы - бұл уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес банктің дауыс беретін акциясының он немесе одан астам процентін тікелей немесе жанама иеленетін немесе:

банктің дауыс беретін акциясының он немесе одан астам процентімен тікелей немесе жанама дауыс беру;

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен шарттың күшімен немесе басқа жағдаймен банк қабылдаған шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті немесе резидент емесі (мұндай иеленуші мемлекет болатын жағдайлардан басқа);

10) заңды тұлғаның ірі қатысушысы - заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының (қатысушылар салымдарының) он немесе одан артық процентін иеленіп отырған, мемлекет иеленгеннен басқа жағдайлардағы, Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес жеке немесе заңды тұлға;

11) банктің реттеуші меншікті капиталы (бұдан әрі - меншікті капитал) банктің инвестицияларын шегере отырып, бірінші деңгейдегі капиталдың және екінші деңгейдегі капиталдың сомасын өзіне қосып алады. Меншікті капиталды, бірінші деңгейдегі капиталды, екінші деңгейдегі капиталды және банк инвестицияларын есептеудің әдістемесін уәкілетті орган айқындайды;

12) сабақтас ұйым - басқа заңды тұлғаны бақылаушы заңды тұлға.";

2) 5-баптағы "Ұлттық Банктің" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 6-баптың 2-тармағы "Қазақстан Республикасының заң актісі лицензиясыз банк операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігін көздеген жағдайлардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Банктерге тыйым салушы және шектеуші қызмет

1. Банктердің банктік қызметке қатысы жоқ кәсіпкерлік қызмет ретіндегі не осы Заңның 30-бабының 11-тармағында көзделмеген операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ осы баптың 2 және 3 тармақтарында және осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайлардағы бағалы қағаздармен мәмілені жүзеге асыру белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдары мен акцияларына қатысу үлестерін иеленуге тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағымен белгіленген тыйым салу банктің жарғылық капиталдары мен акцияларына қатысу үлестерін иеленудің мынадай жағдайларында қ о л д а н ы л м а й д ы :

1) қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы н а ;

2) Қазақстан Республикасының аумағында қызмет атқаратын қор биржасының барынша жоғары санатты тізіміне акциялары енгізілген қаржы ұйымдары болып т а б ы л м а й т ы н з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ғ а ;

3) лизинг ұйымдарының бағалы қағаздарын орналастыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасының резидент емес банктер, кредиттік бюролар, арнайы ұйымдардың қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, сондай-ақ банктің операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлік иелену және басқару сияқты айырықша қызмет түрін атқаратын ұ й ы м д а р ғ а ;

4) осы ұйымдардың кепіл ретінде қабылданған акцияларын (қатысу үлесі) банктер сатып алған сәтке дейін кепілдік беру туралы шарт талаптарына сәйкес оларды банктердің меншігіне беретін заңды тұлғаларға;

5) осы Заңның 10-бабында көрсетілген заңды тұлғаларға;

6) Қазақстан Республикасының резиденттері - тәуекелсіз инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қорларға;

7) банкілер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығы

қатысушылары мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларына .

Осы тармақтың 2) және 6) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу бір заңды тұлғаның орналастырған акцияларының жалпы санының он процентінен аспауы тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағының 1), 2), 3), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына банктің қатысуы бір заңды тұлғадан аспауы тиіс :

1) 1), 3) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар үшін - банктің меншікті капиталының он бес процентінен ;

2) осы баптың 2-тармағының 2) және 6) тармақшаларында көрсетілген қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалар үшін - банктің меншікті капиталының он процентінен ;

3) банктің заңды тұлғаның жарғылық капиталына осының алдында кепілдікке алынған акциялардың банктің меншігіне көшуі арқылы заңды тұлғаның банктің жарғылық капиталына тікелей қатысуы жағдайында - сату мерзімі бір жылдан кем болмауы тиіс банктің меншікті капиталының жиырма бес процентінен.

Банктің жарғылық капиталға қатысудағы жиынтық сомасы мынадан аспауы тиіс: қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалар үшін - банктің меншікті капиталының алпыс процентінен ;

сақтандыру ұйымдары үшін - банктің меншікті капиталының қырық процентінен.

Банктер он күн ішінде егер қатысу үлесінің мөлшері он бес, отыз немесе қырық проценттен асып кетсе немесе төмендегі кеткен жағдайда заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің өзгеруі туралы уәкілетті органға хабарлауы тиіс .

4. Осы баптың 2-тармағымен белгіленген шектеулер банктің еншілес ұйымдары мен оның капиталында банк пен оның еншілес ұйымдарының едәуір қатысу үлесі бар ұйымдар қызметінде қолданылады .

5. Осы баптың 1-тармағымен белгіленген тыйым салулар мынадай мәмілелерді жүзеге асыруда қолданылмайды :

өз қызметін бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырып отырған қор биржасының ең жоғарғы және ең жоғарғыдан кейінгі санаттар тізіміне енгізілген заңды тұлғалардың облигацияларымен ;

тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен ;

рейтинг агенттіктерінің бірі талап ететін барынша төмен рейтингі бар шетел эмитенттерінің облигацияларымен";

5) 11-бап алып тасталсын;

6) 11-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1-бап. Банктердің еншілес ұйымдары және банктердің ұйымдардың жарғылық капиталдарына қомақты қатысуы

1. Банк осы Заңның 8-бабы ұсынып отырған өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында тек уәкілетті органның рұқсаты болғанда ғана еншілес ұйымын құра алады немесе иелене алады.

Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

2. Банктердің еншілес ұйымдарының еншілес ұйым құруға құқығы жоқ. Банктің еншілес ұйымы өзінің толық атауында "еншілес" деген сөзді пайдалануы және сабақтас ұйымының атын көрсетуі міндетті.

3. Рұқсат алу жөніндегі өтінішке мынадай құжаттарды қосып беру керек:

1) еншілес ұйымның тағайындау жөніндегі құжаттары, жарғының бекітілгендігі туралы хаттама;

2) банктің уәкілетті органының еншілес ұйымды құруы немесе сатып алуы туралы шешімі;

3) еншілес ұйымның басшы қызметкерлері туралы ақпарат;

4) еншілес ұйымның ұйымдық құрылымы және аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтер;

Банкте банк холдингі болмаған жағдайда еншілес ұйыммен байланысты ұйымдар туралы мынадай қосымша ақпараттар беріледі:

осы ұйымдар қауымдастығының меморандумы немесе ережесі талаптарына сәйкес олардың қызметін бірлескен негізде басқару;

аталған ұйымдардың басқару немесе атқарушы органдарының құрамының үштен бірі сол бұрынғы адамдардан тұратын болса.";

5) бизнес-жоспарын бере отырып, еншілес ұйым түрі немесе түрлері туралы ақпарат;

6) құрылған еншілес ұйымның мәлімделген жарғылық капиталының мөлшері туралы ақпарат;

7) құрылған еншілес ұйымның жарғылық капиталына банктің қатысу үлесі мен сомасы туралы ақпарат;

8) еншілес ұйымның сатып алу жағдайлары мен тәртібі туралы мәліметтер;

9) аудиторлық ұйымның есебі мен аудиторлық ұйым куәландырған, сатып алынған еншілес ұйымның қаржылық есебі;

10) сатып алынған еншілес ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы нотариатта куәландырылған көшірмесі;

11) сатып алынған еншілес ұйымның мәлімделген (тіркелген), ақысы төленген жарғылық капиталының мөлшері туралы (егер мұндай ақпарат аудиторлық қорытындыда болмаса), сатып алынған ұйымның жарғылық капиталына банктің қатысу үлесі мен сомасы туралы ақпарат;

заңды тұлғаның атауы мен тұратын жері;

заңды тұлғаның жарғылық капиталына банктің қатысу үлесі мен сомасы туралы мәліметтер;

банк сатып алған еншілес ұйымның жарғылық капиталына заңды тұлғаның қатысу үлесі мен сомасы туралы мәліметтер бар, жарғылық капиталға оның қатысуы арқылы банк еншілес ұйымды сатып алған заңды тұлға туралы деректер;

13) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын, оның ішінде еншілес ұйым қызметіне байланысты тәуекелдерге қатыстылығын растайтын құжаттар.

14) еншілес ұйымды бақылауды және бақылаудың негіздерін растайтын құжаттар.

4. Банк соңғы аяқталған екі қаржы жылының нәтижесі бойынша банктің шығынсыз қызмет талаптары бойынша және рұқсат алуға уәкілетті органға өтініш берген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді сақтаған жағдайда еншілес ұйым құруға құқылы.

5. Мыналар рұқсат беруден бас тартуға негіздеме болып табылады:

1) рұқсат алу үшін қажетті құжаттардың берілмеуі;

2) еншілес ұйымның басшы қызметкерлерінің (немесе басшы қызмет лауазымына тағайындалуға немесе сайлануға ұсынылып отырған кандидаттар) осы Заңның 20-бабының 2-тармағының 3), 4) тармақшаларының талаптарына сай келмеуі;

3) банктің болуы болжанып отырған еншілес ұйымдардың шоғырландырылған негіздегі пруденциалдық нормативтері нәтижесінде және банктің уәкілетті орган белгілеген басқа да сақтауы міндетті нормалар мен лимиттерді сақтамауы нәтижесінде;

4) банктің қаржылық жағдайының болжам бойынша нашарлауы және (немесе) еншілес ұйымдардың қызметінің немесе банк жоспарлап отырған инвестициялар негізінде банк салымшыларының мүдделеріне зиян келтірілген жағдайда;

5) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын растап берілген құжаттардың, оның ішінде еншілес ұйым қызметінің уәкілетті органның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне қоятын талаптарына байланысты құжаттардың сәйкессіздігі;

6) банктің уәкілетті органға рұқсат алуға және/немесе өтінішті қарау кезеңінде өтініш берген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді сақтамаған жағдайында;

7) өтініш берілген күнге банкке қатысты қолданылып жүрген шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялардың болуы.

6. Уәкілетті орган өтініш берілгеннен кейін үш ай ішінде рұқсат беруі немесе рұқсат беруден бас тартуы міндетті.

Уәкілетті орган рұқсат беруден бас тартқан жағдайда бас тартудың негіздемелері

туралы өтініш иесін хабардар етуі міндетті.

7. Банктің еншілес ұйымы құрылтай құжаттарына енгізілген барлық өзгерістер және толықтырулар туралы уәкілетті органды хабардар етуі тиіс.

8. Уәкілетті органның рұқсатын алмаған жағдайда банк үш айлық мерзім ішінде еншілес ұйымдағы оған тиесілі акцияларды (қатысу үлесін) өз иелігінен осы банкпен айырықша қатынасы жоқ тұлғалардың иелігіне беруі не еншілес ұйым қабылдайтын шешімдерді айқындау мүмкіндігінен бас тартуы және уәкілетті органға растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

9. Ұйымның жарғылық капиталындағы едәуір қатысуға рұқсат беру уәкілетті органның рұқсаты болғанда ғана жол беріледі.

Ұйымның жарғылық капиталындағы едәуір қатысуға рұқсат беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіп бойынша айқындалады.

10. Рұқсат алуға өтініш осы баптың 3-тармағының 2), 3), 5)-8) тармақшаларында көзделген құжаттар қосымшаларымен бірге ұсынылады.

Ұйымның жарғылық капиталындағы едәуір қатысуға рұқсат беруден бас тарту осы баптың 5-тармағында көзделген негіздемелер бойынша жасалады.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын растап берілген құжаттардың, оның ішінде еншілес ұйым қызметінің тәуекелдеріне, уәкілетті органның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне қоятын талаптары жарғылық капиталындағы едәуір қатысуға рұқсат беруден бас тартуға негіз болмауына байланысты құжаттардың сәйкессіздігі;

7) 16 - бапта :

3 - тармақ алып тасталсын ;

7-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші сөйлем алып тасталсын ;

"есептеу" деген сөздің алдында "меншікті" деген сөзбен, "қарыз" сөзі "заем" сөзімен ауыстырылсын ;

8 - тармақта :

бірінші бөліктегі "мөлшері" деген сөз "меншікті" деген сөзбен толықтырылсын; екінші бөліктің абзацындағы "нақты капиталының мөлшерін" деген сөздер "оның міндеттемелерінің сомасын шегергендегі банк активтері құнының" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 17-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

9) 17-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-1-бап. Банк холдингі және банктің ірі қатысушысы

1. Қандай да бір тұлға, жеке немесе басқа (басқалар) тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп, уәкілетті органның алдын-ала жазбаша келісімінсіз банк холдингі, банктің ірі қатысушысы бола алмайды.

Занды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резидент еместері тізбесін уәкілетті

орган белгілейтін негізгі рейтинг агенттіктерінің бірі талап етіп отырған барынша төмен рейтингін алған кезде ғана ірі қатысушы немесе банк холдингі мәртебесін иеленуге уәкілетті органның келісімін ала алады. Барынша төмен рейтинг және рейтинг агенттіктерінің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

2. Банк холдингі немесе банктің ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім беру қайтарып алу тәртібі, аталған келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

3. Банктің ірі қатысушысы болғысы келетін тұлға уәкілетті органға осы баптың 4-7-тармақтарымен белгіленетін құжаттар мен мәліметтерді қосып бере отырып, банктің ірі қатысушысы мәртебесін иелену туралы өтінішті беруі міндетті.

4. Банктің ірі қатысушысы мәртебесін иелену үшін келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес жеке тұлғасы - мынадай құжаттарды беруі керек:

1) растаушы қосымша құжаттар көшірмесі бар, акцияларды сатып алудың талаптары мен тәртібі жөніндегі мәліметтерді және дерек көздері мен ақша сомасының сипаттамасын қосқандағы банк акцияларын сатып алудың талаптары мен тәртібі туралы мәліметтер;

2) өтініш берушінің мүддесін ұсыну тапсырылатын өтініш берушінің өкілі туралы мәліметтер;

3) ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалар тізімі және олардың құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелері;

4) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша білімі, еңбек қызметі, сондай-ақ сотталғандығы, сыбайлас жемқорлық, қаржы, салық салу саласында жасаған құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуын қосқандағы өтініш беруші туралы қысқаша деректер;

5) Қазақстан Республикасының резидент емес жеке тұлғасы тұрған елдің сәйкес мемлекеттік органының Қазақстан Республикасының резидент банкінің жарғылық капиталға қатысуына осы елдің заңдарымен рұқсат берілгендігі туралы жазбаша растамасы, не мұндай рұқсаттың аталған құрылтайшы мемлекетінің заңдары бойынша талап етілмейтіндігі туралы сәйкес мемлекеттің уәкілетті органының өтініші.

5. Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін мынадай құжаттарды беруі керек:

1) өтініш берушінің банк акцияларын сатып алғандығы туралы жоғарғы органның шешімінің көшірмесін;

2) осы баптың 4-тармағының 1), 2) және 3)-тармақтарында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

3) құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін, өтініш берушінің ірі қатысушылары туралы, сондай-ақ өтініш берушінің ірі қатысушысының

ірі қатысушылар туралы қысқаша деректері;

4) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша білімі, еңбек қызметі, сондай-ақ сотталғандығы, сыбайлас жемқорлық, қаржы, салық салу саласында жасаған құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуын қосқандағы өтініш берушінің басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректер;

5) аудиторлық ұйым растаған өткен соңғы екі аяқталған қаржы жылының жылдық қаржылық есебі, сондай-ақ тиісті өтінішті берердің алдындағы соңғы аяқталған тоқсанның қаржылық есеп беруі;

6) өтініш берушінің иеленуінен кейінгі болжалды есеп айырысу балансын қосқандағы ірі қатысушының мәртебесін иелену салдарларының қаржылық болжамы, бар болған жағдайдағы өтініш берушінің банк активтерін сату, банктің басқа заңды тұлғамен бірігуі немесе бизнес-жоспар мен ұйымдық құрылымды қосқандағы банктің қызметіне немесе басқару ісіне едәуір өзгерістер енгізу.

6. Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасы ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін мынадай құжаттарды береді:

1) осы баптың 4-тармағының 1), 2) және 3)-тармақшаларындағы және 5-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6)-тармақшаларындағы көрсетілген мәліметтер мен құжаттар;

2) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық рейтинг агенттіктерінің бірі берген заңды тұлғаның кредиттік рейтингі туралы мәліметтер.

7. Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы - өтініш иесі ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісім алу үшін мынадай құжаттарды береді:

1) осы баптың 6-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) өтініш берушінің шыққан елінің қаржылық қадағалау органының өтініш берушінің аталған елдің заңдары аясында қаржылық қызметті жүзеге асыруға өкілеттілігі туралы жазбаша растаманы, не мұндай рұқсаттың осы елдің заңдары бойынша талап етілмейтіндігі туралы өтініш беруші шыққан елдің қаржылық қадағалау органының өтініші.

8. Бірлесіп банктің ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалар болып, банк акцияларының он немесе одан артық проценті үшін тура немесе жанама дауыс беретін мүмкіндікті иеленетін немесе иелену мүмкіндігі бар тұлғалар болып, табылады және:

1) олардың арасындағы шарттың күшімен немесе басқа жағдаймен банктің шешіміне бірлесіп ықпал ететін;

2) жеке немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушылары болып табылатын;

3) олардың бірі лауазымды тұлға немесе басқа тұлға өкілі болып табылса;

4) олардың арасында жасалған шарт бойынша бірі басқасына банк акциясын сатып алуына мүмкіндік тудырса;

5) олар жақын туыс немесе ерлі-зайыпты болып табылса.

9. Уәкілетті органның банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісім беруден

бас тартуының негіздемелері мыналар болып табылады:
осы Заңның 20-бабының 2-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптары сақталмаған кезде (жеке тұлға немесе өтініш беруші заңды тұлғаның басшы қызметкерлеріне қатысты);

өтініш берушінің қаржылық жағдайының тұрақсыздығы;
осы бапта көрсетілген құжаттардың берілмеуі;
банктің ірі қатысушысы мәртебесін иелену нәтижесінде монополияға қарсы заңдар талаптарының бұзылуы;

банктің ірі қатысушысы мәртебесін иелену жөніндегі мәміледе тараптардың бірі оффшорлық аймақта тіркелген тұлға (оның аффилиирленген тұлғасы) болып табылса немесе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғаның қатысушысы (құрылтайшысы, акционері) болып табылған жеке тұлға болған жағдайда;

өтініш берушінің банктердің құрылтайшылары мен акционерлері үшін осы Заң белгілеген өзге де талаптарды сақтамаған жағдайында;
өтініш берушінің қаржылық болжамы банктің қаржылық жағдайының нашарлауын болжалдаса;

Қазақстан Республикасының резидент емес қаржы ұйымының - өтініш иесінің шыққан елінің заңдары аясында қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігі болмаса;

Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасының - өтініш иесінің тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық рейтинг агенттіктерінің бірінің барынша төмен қажетті рейтингі болмаса.

10. Мыналардың бірі өтініш берушінің қаржылық жағдайының тұрақсыздық белгісі болып табылады:

өтініш беруші заңды тұлға өтініш берген күнге дейінгі екі жылдан кем емес аралықта құрылса;

өтініш берушінің міндеттемелері банк акцияларының иелену болжалданып отырған басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестері мен акцияларына орналастырылған активтер сомасын шегергендегі оның активтерінен асып кеткен жағдайда;

соңғы екі аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша шығындар;
өтініш берушінің міндеттемелерінің мөлшері банктің қаржылық жағдайы үшін едәуір тәуекел келтіретін болса;

өтініш берушінің банк алдында мерзімі өткен және (немесе) банктің балансына қойылған берешектері болса;

өтініш берушінің қаржылық болжамы банктің қаржылық жағдайының нашарлауын болжалдаса;

банкке және (немесе) оның депозиторларына зиян келтіру мүмкіндігі бар өзге де

11. Тұлға ірі қатысушы мәртебесін алуға келісім алмаған жағдайда уәкілетті орган осы тұлғаға осы Заңның 47-1-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын қолдануға қ ұ қ ы л ы .

12. Уәкілетті органның банк холдингі мәртебесін иеленуге тілек білдірген тұлғаларға келісім беруі де банктің ірі қатысушысы үшін белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады .

Банк холдингі болғысы келетін тұлға осы баптың 4-7-тармағымен көзделген құжаттар мен мәліметтерден басқа, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатыстылығын растайтын құжаттарды береді .

Уәкілетті органның банк холдингі мәртебесін иеленуге тілек білдірген тұлғаларға келісім беруден бас тарту жөніндегі негіздемелеріне, осы баптың 9-тармағында көзделген негіздемелерден басқа, мыналар жатады:

өтініш беруші қаржы ұйымы өзі тұрған жеріндегі елде шоғырландырылған негіздегі қадағалауға жатпаған жағдайда ;

Қазақстан Республикасының резидент емес банк конгломераты қатысушыларының тұрған жеріндегі елдің заңдары оларға және банк конгломератына осы Заңда көзделген талаптардың орындалуының мүмкін болмауына байланысты банк конгломератына шоғырландырылған қадағалау жүргізудің мүмкін еместігі.

13. Бірлесіп банк холдингі болып табылатын тұлғалар болып, банк акцияларының жиырма бес немесе одан артық проценті үшін тура немесе жанама дауыс беру мүмкіндігін иеленетін немесе иелену мүмкіндігі бар тұлғалар болып табылады және:

1) олардың арасындағы шарттың күшімен немесе басқа жағдаймен банктің шешіміне бірлесіп ықпал ететін ;

2) жеке немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушылары болып табылатын ;

3) олардың бірі лауазымды тұлға немесе басқа тұлғаның өкілі болып табылса ;

4) олардың бірі олардың арасында жасалған шартқа сәйкес басқасына банк акциясын сатып алуға мүмкіндік берсе ;

14. Осы баптың талаптарына сәйкес банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алу үшін берілген өтініш бойынша шешімді уәкілетті орган баптардың толық пакеті берілген күннен бастап үш ай ішінде қабылдауы тиіс.

15. Уәкілетті орган ірі қатысушы немесе банк холдингінің осы Заң талаптарымен келіскені немесе оны сақтамағаны негізінде сенімсіз мәліметтерді анықтаған жағдайда осы бапқа сәйкес ірі қатысушы немесе банк холдингінің осы Заң талаптарын сақтамауына сәйкес берілген келісімді қайтарып алу құқығы бар. Бұл жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға осы Заңда белгіленген банктегі өзінің қатысу үлесін төменгі деңгейге дейін қысқартуға немесе банк басшылығына немесе өзінің тікелей немесе жанама дауысын қолдана отырып, оның саясатына ықпал етуін (немесе

тырысуын) тоқтатуға өзіне міндеттеме қабылдауға міндетті.

16. Осы баптың уәкілетті органның алдын-ала келісімін міндетті түрде алу қажеттілігі туралы талаптары банктің акциялары кепіл болып табылуына байланысты борыштық міндеттемелер бойынша салынған мүліктің оған ауысуы нәтижесінде осы баппен белгіленген шектерден асып кеткен немесе тең санмен банктің акциялар меншігіне ие болған не оған қатыссыз себептермен тұлға банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі белгісіне сәйкес келген жағдайларға қатысы жоқ болып е с е п т е л е д і .

Аталған жағдайларда банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі белгісіне сәйкес келген тұлға акцияларды сатып алған сәттен бастап немесе банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі белгісіне сәйкес келгендігі белгілі болған сәттен бастап отыз күн ішінде немесе банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі белгісіне сәйкес келген сәттен бастап уәкілетті органға хабарлама жасауы міндетті және осы баптың ережелеріне сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімін алғанға дейін банк басшылығына немесе оның саясатына ықпал етуге немесе осындай жолмен сатып алған акцияларымен дауыс беруге бағытталған ешқандай іс-қимылдарды осы баптың ережелеріне сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімін алғанға дейін көрмеуі керек.

Тиісті мәртебе иелену жөніндегі өтініш уәкілетті органға акцияларды сатып алған күннен бастап не оған банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі белгісіне сәйкес келгендігі белгілі болған сәттен бастап алпыс күн ішінде, тек осы тұлға аталған мерзімде акцияларын басыбайлы бергісі келмеген жағдайда ғана беріледі. Акцияларды басыбайлы бергісі келгендігі жөнінде олар сатып алынған күннен бастап алпыс күн ішінде шешім қабылданғандығы туралы ақпарат уәкілетті органға дереу осы шешім қабылданған сәттен бастап беріледі.

17. Уәкілетті орган, егер оған тұлғаның банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі белгісіне сәйкес келгендігі туралы мәліметтер болған кезде немесе ол банк акцияларының тікелей немесе жанама иесі болып табылса немесе осы Заңның талаптарына сәйкес уәкілетті органның келісімінсіз осы бапта белгіленген шекке тең немесе одан асатын мөлшердегі банк акцияларымен келісім негізінде немесе басқа жағдаймен дауыс беруге мүмкіндігі бар болса, заңды және жеке тұлғалардан ақпарат талап етуге құқылы. Ақпарат оны иеленуші кез-келген тұлғадан, сондай-ақ осы тұлғалардың бақылауындағы ұйымдардан талап етілуі мүмкін.

18. Банктің ірі қатысушысы, банк холдингі отыз күндік мерзім ішінде уәкілетті органға ол өзі тікелей немесе жанама иеленіп отырған немесе растаушы құжаттар беру арқылы тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар банктің дауыс беретін акцияларының үлестерінің өзгеруі туралы хабарлауы міндетті.

19. Банк тоқсан сайын уәкілетті органға келесі есепті тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей банктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін көрсете отырып, өздерінің барлық ірі қатысушылары мен банк холдингтерінің тізімін уәкілетті

о р г а н ғ а

б е р у г е

м і н д е т т і .

Қайталама бағалы қағаздар нарығында банктің дауыс беруші акцияларының он және одан артық процентін иелену жөнінде ойы бар тұлға өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп немесе жеке түрде бұл туралы банкке және уәкілетті органға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленген тәртіппен х а б а р л а м а ж о л д а у ы м і н д е т т і .

20. Банктер банктің дауыс беретін акцияларының он және одан артық процентін иеленіп отырған акционерлер құрамының өзгергені туралы уәкілетті органды осы факт белгілі болған күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде хабарландыруы міндетті.

21. Банктер, банктердің ірі қатысушылары, банк холдингтері, сондай-ақ банк холдингі немесе банктің ірі қатысушысы белгісіне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті органға осы баптың 16-20-тармақтарына сәйкес талап етілетін ақпаратты бермеуі, бірнеше мәрте уақтылы бермеуі немесе күмәнді мәліметтерді беруі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.";

1 0) 1 9 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

б) тармақшасы мынадай мазмұнда жазылсын:

"б) құрылтайшылар туралы (уәкілетті орган белгілеген тізбе бойынша) мәліметтер, соңғы екі шоғырландырылған қаржы жылын қосқандағы тиісті нысанда жасалған қаржылық есеп беру құрылтайшылардың қаржылық жағдайы туралы аудиторлық ұйым е с е б і ; " ;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) егер тұлға банктің ірі қатысушысы немесе банк холдингі болатын болса, онда осы Заңның 17-1-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтер;"

в), г) тармақтар алып тасталсын;

д) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"д) банктің басшы қызметкерлерін келісу жөніндегі құжаттар осы Заңның 20-бабының талаптарына сәйкес, оның ішінде банк басқармасының мүшелері үштен кем б о л м а с а . " ;

к) тармақшасы алып тасталсын;

11) 20, 21-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Банктің басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Банктің басшы қызметкерлері болып директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері, басқарманың бірінші басшысы және мүшелері, банктің құрылымдық бөлімшелерін үйлестіретін және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын, банктің аумақтық бөлімшелерінің бірінші басшылары, банктің бас бухгалтерінен басқа, баптарға қол қою құқығы негізінде банктік операциялар жүргізетін өзге де басшылар т а н ы л а д ы .

2. Банктің басшысы қызметіне мынадай тұлға тағайындала (сайлана) алмайды:

1) жоғары білімі болмаса;

2) осы бап белгілеген қаржы қызметін ұсыну және (немесе) реттеу саласындағы жұмыс стажы болмаса;

3) экономикалық қызмет саласында жасалған мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар үшін сотталғандығы белгіленген заңды тәртіппен өтелмесе немесе алынбаса;

4) уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, акцияларды мәжбүрлеп төлеттіру, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлі түрде тарату немесе оны заңда белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан астам кезеңде осының алдында директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, қаржы ұйымының бас бухгалтері болып табылғандар. Аталған талап ету уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, акцияларды мәжбүрлеп төлеттіру, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлі түрде тарату немесе оны заңда белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл аралығында қолданылады;

5) осы тұлға өзге қаржы ұйымының басшы қызметінде болған кезеңінде басшы қызмет лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім қайтарып алынған жағдайда. Аталған талап ету уәкілетті орган басшы қызмет лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу туралы шешім қабылданғаннан бастап қатарынан он екі ай ішінде қолданылады.

3. Банктің ірі қатысушысы банк басқармасының бірінші басшысы қызметіне тағайындала (сайлана) алмайды.

Банктің директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар отыз проценттен кем болмауы тиіс.

4. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес болу үшін мынадай жұмыс стажы болуы қажет:

1) атқарушы органның тәуелсіз директоры, басқарманың бірінші басшысы, банктің бас бухгалтері қызметіне кандидаттар үшін - қаржы қызметін ұсыну және (немесе) реттеу саласында үш жылдан кем емес;

2) банк басқармасының мүшелері қызметіне кандидаттар үшін - қаржы қызметін ұсыну және (немесе) реттеу саласында екі жылдан кем емес;

3) құжаттарға қол қою құқығын иелену негізінде банктік операцияларды жасайтын банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын банктің өзге де басшылары қызметіне кандидаттар үшін - қаржы қызметін ұсыну және (немесе) реттеу саласында бір жылдан кем емес.

Тәуелсіз директорды қоспағанда, директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері қызметіне кандидаттар үшін қаржы қызметін көрсету және (немесе) реттеу саласында жұмыс стажының болуы талап етілмейді.

Осы тармақпен белгіленген жұмыс стажына қаржы ұйымдарының бөлімшелеріндегі шаруашылық қызметін жүзеге асыруға байланысты жұмыс қосылмайды.

5. Басшы қызметкер ол тағайындалған (сайланған) күннен бастап алпыс күнтізбелік күннен аспайтын уақытта уәкілетті органмен келіспей өз қызметіне кірісуге құқығы бар.

Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін және уәкілетті органға келісуге құжаттарды берген жағдайда не уәкілетті орган келісуден бас тартқан жағдайда, банк осы тұлғамен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға міндетті.

6. Уәкілетті органның банктің басшы қызметкері лауазымына сайлауға (тағайындауға) келісім беру тәртібі, келісім алуға қажетті құжаттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

7. Уәкілетті орган банктің басшы қызметкері лауазымды қызметіне кандидаттың тағайындалуына (сайлануына) не оның банктің басшы қызметкері міндетін атқарудан шығарылуына немесе оның осы банктегі өзге қызметке ауысуына келісім беруден бас тартқан жағдайда осы кандидаттың тағайындалуына (сайлануына) не оның банктің басшы қызметкері міндетін атқарудан шығарылуына келісім беруден не өзге қызметке ауыстырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш ай өткеннен кейін кандидат осы банктің басшы қызметкері лауазымды міндетін атқару қызметіне екінші рет тағайындала алады, бірақ ол қатарынан он екі айда екі реттен көп болмауы к е р е к .

8. Уәкілетті орган банктің басшы қызметкері лауазымды қызметіне кандидаттың тағайындалуына (сайлануына) жүйелі түрде екі рет бас тартқан жағдайда осы кандидат уәкілетті орган оның осы банкте тағайындалуына (сайлануына) екінші рет бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап қатарынан он екі ай өткен соң банктің басшы қызметкерінің міндетін атқаруға тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

9. Уәкілетті орган банктің басшы қызметкері лауазымды қызметіне сайлануға (тағайындалуға) берген келісімін мынадай негіздемелер бойынша қайтарып алу құқығы б а р :

1) келісім берілген негіздемелерде анық емес мәліметтер анықталған жағдайда;

2) уәкілетті орган банктің басшы қызметкеріне жүйелі түрде санкция қолданса (жүйелі он екі күнтізбелік ай ішінде банкке үш және одан да көп) санкциялар қолданса;

Уәкілетті орган банктің басшы қызметкері лауазымды қызметіне сайлануға (тағайындалуға) берген келісімін қайтарып алған жағдайда банк осы тұлғамен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға міндетті.

10. Уәкілетті орган банкке консервация жасау және оның акцияларын осы Заң белгілеген тәртіппен мәжбүрлеп сату жөнінде шешім қабылдаған жағдайда банк директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасарлары, бас бухгалтері болып табылатын басшы қызметкерлермен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға міндетті.

11. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың бірінші басшысы осы бап белгілеген талаптарға сәйкес болуы тиіс және қызметке уәкілетті органның келісімінсіз тағайындалуы (сайлануы) тиіс.

21-бап. Қазақстан Республикасының резидент еместерінің қатысуымен банкті құруға арналған қосымша талаптар

1. Банктің құрылтайшысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды немесе жеке тұлға, осы Заңның 19-бабында көрсетілген құжаттардан басқа, банк ашуға рұқсат беру туралы өтінішіне тиісті мемлекеттің уәкілетті органының (Қазақстан Республикасының резиденті емес банктер үшін - банктік қадағалау органының) осы тұлғаға Қазақстан Республикасының резидент банкінің акцияларын иеленуге рұқсат берілетіндігі жөніндегі жазбаша хабарламасын не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының (Қазақстан Республикасының резиденті емес банктер үшін - банктік қадағалау органының) аталған құрылтайшының мемлекетінің заңдары бойынша мұндай шешім талап етілмейтіндігі жөніндегі өтініші қоса беруі міндетті.";

12) 22-бап алып тасталсын;

1 3) 2 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы г-1), г-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"г-1) құрылтайшының мынадай жағдайларында:

экономикалық қызмет саласында жасалған мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар үшін белгіленген заңды тәртіппен өтелмеген немесе түсініксіз сотталған болса;

уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, акцияларды мәжбүрлеп төлеттіру, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлі түрде тарату немесе оны заңда белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан астам кезеңде осының алдында директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, қаржы ұйымының бас бухгалтері болып қызмет атқарса.

Аталған талап ету уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, акцияларды мәжбүрлеп төлеттіру, қаржы ұйымының лицензиясын қайтарып алу, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлі түрде тарату немесе оны заңда белгіленген тәртіппен банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл аралығында қ о л д а н ы л а д ы ;

г-2) осы Заңның 17-1-бабының талаптарын сақтамау;"

е) тармақшасындағы "20-баптың 3-5-тармақтарымен" деген сөздер "20-баптың" деген сөздермен ауыстырылсын;

ж) тармақшасындағы "22-баптың 1-тармағы" деген сөздер "21-баптың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "22" деген сан "21" деген санмен ауыстырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жарғылық капитал уәкілетті органның немесе Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға сәйкес мөлшерде болуы керек.";

мынадай мазмұндағы в) тармақшамен толықтырылсын:

"в) лицензиялық алым төлесін.";

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Қосымша банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін жұмыс істеп тұрған банк мыналарды жасауы тиіс:

1) қосымша банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін өтініш берген айдың алдындағы айдың қатарынан үш айы ішінде пруденциалдық нормативтердің орындалуын қамтамасыз ету;

2) тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйелері бар бөлікте уәкілетті орган белгілеген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге тиіс;

3) банктік операциялардың қосымша түрлерін жүргізудің жалпы талаптары мен рәсімдерін реттеп отыратын банк саясатының бар екендігін растайтын құжатты беру.";

3-тармақтағы "осы баптың 2-тармағындағы талаптардың орындалуын растайтын" деген сөздерден кейін "уәкілетті органның немесе Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері белгілеген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "оны қабылдаған күннен бастап" деген сөздер "құжаттардың толық пакетін берген күннен бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 29, 30-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру, жабу

1. Қазақстан Республикасының резидент банкі банктің директорлар кеңесінің шешімі негізінде уәкілетті органның келісімінсіз өзінің оқшауланған бөлімшелерін: Қазақстан Республикасының аумағында, одан тысқары да филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

2. Банк өз филиалы мен өкілдігін әділет органдары есепке алып тіркеген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде олардың ашылғандығы туралы уәкілетті органдар мынадай қосымшалармен жазбаша хабарландыруы міндетті:

1) Банк филиалы мен өкілдігінің есепке алып тіркелгендігі туралы куәлігінің нотариатта куәландырылған көшірмесі;

2) Банктің филиалы немесе өкілдігі туралы Ереженің есепке алып тіркеген әділет органының нотариатта куәландырылған көшірмесі;

3) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға филиалдың үй-жайының сай келуін растайтын нотариатта куәландырылған Ұлттық Банктің тексеру актісі және қорытындысының көшірмесі (филиалдың ашылуы кезінде);

4) банктің филиалға немесе өкілдіктің бірінші басшысына берген нотариатта куәландырылған сенімхатының көшірмесі.

3. Қазақстан Республикасы аумағындағы банкті, филиалды немесе банк өкілдігін құруға жергілікті өкілдердің және атқарушы органдардың келісімі талап етілмейді.

4. Банктің филиалы - заңды тұлға болып табылмайтын, банк тұрған жерден тысқары орналасқан және банк атынан банк операцияларын жүзеге асыратын және өзіне банк берген өкілеттілік шегінде әрекет ететін банк бөлімшесі. Банк филиалының банкпен бірыңғай балансы, сондай-ақ банк атауымен толық сәйкес келетін атауы болады.

5. Банк өкілдігі - банктің атынан және оның тапсыруы бойынша әрекет ететін, банк тұрған жерден тыс орналасқан және банк операцияларын жүзеге асырмайтын және заңды тұлға болып табылмайтын банк бөлімшесі.

6. Банк филиалының ашылуының, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған филиалдардың қосымша үй-жайларының санын өсіру, оның ішінде бірнеше мекен-жайлар бойынша орналасқандарының міндетті талабы мыналар болып табылады:

1) Банктің соңғы аяқталған қаржы жылы бойынша шығынсыз қызметі;

2) филиалдың әділет органдарында есепті тіркелген күннің алдындағы үш ай ішінде банктің пруденциалдық нормативтерді сақтауы;

3) филиалдың әділет органдарында есепте тіркелген күннің алдындағы үш ай ішінде уәкілетті органның банкке санкция қолданбауы;

4) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға филиалдың үй-жайларының сай келуін растайтын Ұлттық Банктің тексеру актісінің және қорытындысының болуы.

7. Қазақстан Республикасының резидент банкі өкілдігін Қазақстан Республикасының аумағында, одан тыс аумақтарда соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша шығынсыздық талабы бойынша ашуға құқылы.

8. Қазақстан Республикасының резидент банкі қызмет атқарған филиал өкілдік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде әділет органында есепке алып тіркелген күннен бастап (қайта тіркелу) он төрт жұмыс күні ішінде осы баптардың нотариатта куәландырылған көшірмесін уәкілетті органға тапсыруы тиіс.

Банк филиалдың мекен-жайы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген филиалдың үй-жайының талаптарға сай болуын растайтын Ұлттық Банктің тексеру актісін және қорытындысының көшірмесін нотариатта куәландырылған қосымшасымен бірге беруі міндетті.

9. Қазақстан Республикасының резидент банкі Қазақстан Республикасынан тысқары жерде филиалдары мен өкілдіктерін ашқан жағдайда тиісті мемлекеттік органда тіркелген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде тиісті мемлекеттік органда тіркелгендігін растайтын құжаттарды қоса беру арқылы олардың ашылғандығы туралы уәкілетті органды жазбаша хабарландыруы міндетті.

10. Қазақстан Республикасының резидент банкі өз өкілдігін уәкілетті органның келісімінсіз ашуға құқылы.

11. Қазақстан Республикасының резидент емес банк өкілдігі әділет органдарында есепке алып тіркелген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде ашылу жөніндегі жазбаша хабарламаны мынадай қосымшалармен беруі тиіс:

1) Қазақстан Республикасының резидент емес банк өкілдігінің есепке алып тіркелгендігі туралы куәлігінің нотариатта куәландырылған көшірмесін;

2) өкілдік туралы ережені тіркеген әділет органының мөрімен және белгісімен нотариатта куәландырылған көшірмесін;

3) тиісті мемлекеттік банктік қадағалау органының Қазақстан Республикасының резидент емес банк қызметіне қолданыстағы лицензиясының бар екендігі туралы жазбаша растамасын;

4) тиісті мемлекеттің банктік қадағалау органының Қазақстан Республикасының аумағында резиденті емес банк өкілдігінің ашылуына қарсы емес екендігі туралы жазбаша хабарламасын не банктік қадағалау органының немесе тиісті мемлекеттің беделді заң қызметінің мұндай рұқсатты Қазақстан Республикасының резидент емес банкінің мемлекеттік банк заңдары талап етпейді деген жазбаша хабарламасын;

5) банк өкілдігі басшысының атына нотариатта куәландырылған сенімхатты.

12. Қазақстан Республикасының резиденті емес банкінің филиалдарын ашуға тыйым салынады.

13. Қазақстан Республикасының резиденті емес банк өкілдігі әділет органында есепке алып тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өкілдік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізгендігі туралы хабарлама беруі міндетті.

14. Банк әділет органдарында (Қазақстан Республикасынан тысқары жерде филиалдар немесе өкілдіктер қызметі тоқтатылған кезде мемлекеттік тиісті тіркеу органы) өзінің филиалының және (немесе) өкілдігінің есепке алып тіркелген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде банк филиалының және (немесе) өкілдігінің есептен алып тіркеуден шығарылғанын растайтын әділет органы құжатының нотариатта куәландырылған көшірмесін олардың қызметінің тоқтатылғандығы туралы қосымшасымен бірге уәкілетті органға жазбаша хабарлауы тиіс.

15. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының резидент банкінің өкілдігі және/немесе филиалының және Қазақстан Республикасының резиденті емес банк өкілдігінің жабылуы туралы осы баптың 2, 6, 7, 8, 9, 11 және 13-тармақтарының талаптарын орындамаған жағдайда талап етуге құқылы.

30-бап. Банк қызметі

1. Банктердің осы бапта белгіленген банктік және өзге операцияларды жүргізуі банк қызметі болып табылады.

2. Банк операцияларына мыналар жатады:

1) депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
2) депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
3) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

4) осы тұлғаның иелігіндегі тазартылған бағалы металдардың осы тұлғаға тиесілі қымбат металдар монеталарының нақты саны көрсетілетін жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;

5) касса операциялары: осы тармақтың 1), 2), 6), 7), 8), 9), 12), 13) тармақшаларында көзделген банктік операциялардың бірін жүзеге асыру кезінде банкноттар мен монеталарды ұсақтау, айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, орау, сақтауды қосқандағы қолма-қол ақшаны қабылдау және беру;

6) аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақшасын аудару жөніндегі тапсырмаларды орындау;

7) есептеу операциялары: заңды және жеке тұлғалардың вексельдері мен өзге де қарыз міндеттемелерін есепке алу (дисконт);

8) Банктік заем операциялары: банктің және ипотекалық компанияның акционері (қатысушысы) бір ғана мемлекет болып табылатын заңды тұлғаның төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптары бойынша ақшалай нысанда кредиттер беруі;

9) шетел валютасында айырбастау операцияларын ұйымдастыру;

10) банкаралық клиринг: алым, салыстыру, сұрыптау және төлемдерді растау, сондай-ақ олардың өзара есебін жүргізу және клиринг қатысушылары - банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдардың таза позицияларын айқындау;

11) төлем карточкаларын шығару;

12) банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;

13) төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерден басқа);

14) аккредитивтерді ашу (көрсету) және растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;

15) ақшалай нысанда орындау көзделген банк кепілдіктерін беру;

16) үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделген банктік кепілдемелерді және өзге де міндеттемелерді беру.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен микрокредиттік ұйымдар ретінде тіркелген заңды тұлғалардың микрокредиттер беру жөніндегі қызметі банк операцияларына жатпайды.

4. Осы баптың 2-тармағында аталған банк операциялары Ұлттық Банк белгілеген тәртіппен электрондық тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Банктерге осы баптың 2-тармағында көзделген банктік және осы бапта көзделген өзге операцияларды жүргізуге лицензияларды уәкілетті орган береді.

Осы баптың 10-тармағының 9) тармақшасының және 2-тармақтың 5), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген банк операцияларын жүргізу үшін банктерге лицензия беру кезінде Ұлттық Банктің оң қорытындысы керек.

6. Осы баптың 2-тармағында көзделген банк операцияларының бір немесе бірнеше түрін жүргізуді банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Ұлттық Банктің немесе уәкілетті органның лицензиясы болған кезде, бұндай ұйымдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген операцияларды лицензиясыз жүзеге асыруға мүмкіндік көзделген жағдайды қоспағанда, жүзеге асыруы мүмкін.

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру кезінде осы баптың 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген операцияларды жүргізуге Ұлттық Банктің оң қорытындысы талап етіледі.

7. Осы бапта көзделген банктер жүзеге асырып отырған банктік және өзге де операцияларды лицензиялау тәртібі Ұлттық Банктің немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

8. Осы баптың 2-тармағының 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген операцияларды жүргізуге банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және осы баптың 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген операциялар айырықша қызмет түрі болып табылатын заңды тұлғаларға лицензияны Ұлттық Банк б е р е д і .

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы баптың 2-тармағында көзделген өзге банк операцияларын жүргізуіне лицензияны у ә к і л е т т і о р г а н б е р е д і .

9. Қазақстан Республикасының банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін заң актілерінің 2-тармағының 9), 10), 11) және 12) тармақшаларымен көзделген банк операцияларын жүргізу мүмкіндігі осы баптың 2-тармағында көзделген өзге банк операцияларымен қоса атқарылған жағдайда, лицензияны уәкілетті орган Ұлттық Банктің оң қорытындысы бойынша береді.

10. Банктер осы баптың 2-тармағында көзделген банк операцияларының басқа, мынадай операцияларды уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда жүзеге а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы :

1) тазартылған қымбат металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, қымбат металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;

2) құрамында қымбат металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау есепке алу және сақтау;

3) вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшілердің вексельді төлеуі жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ делдалдық тәртібімен вексель акцептің, ескертпелі вексельдерді төлеу;

4) лизинг қызметін жүзеге асыру;

5) меншікті бағалы қағаздарды (акцияларды қоспағанда) шығару;

6) факторингтік операциялары: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемсіз тәуекел етіп қабылдай отырып төлем төлеуді талап ету құқығына ие болу;

7) форфейтинг операциялары (форфетингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының қарыз міндеттемесін сатушыға айналым жасамау жолымен вексель сатып алу арқылы;

8) сенімгерлік операциялары: сенім білдірілген адамның мүддесі үшін және оның тапсыруымен ақшаны, ипотекалық заемдар және тазартылған қымбат металдарды бойынша талаптар құқығын, ақшаны басқару;

9) сейф операциялары: клиенттердің құндылықтары және құжаттарын, құжаттамалық түрде шығарылған бағалы қағаздарды сақтау бойынша сонымен қоса үй-жай мен шкафтарды, сейфтік жәшіктерді жалға беру қызметі;

11. Банктер бағалы қағаздар нарығында мынадай кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) делдалдық - Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен және рейтингтік агенттіктердің бірінің талап ететін ең төменгі рейтингін алған елдердің не оны иеленбей уәкілетті органның шешімі бойынша, белгіленген тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің иемденіп алуына рұқсат берілген, базалық активі шетелдік валюта және (немесе) облигациялар және (немесе) екінші деңгейдегі банктерге сатып алуға белгіленген тәртіппен рұқсат берілген тазартылған қымбат металдармен;

2) дилерлік - Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен және рейтингтік агенттіктердің бірінің талап ететін ең төменгі рейтингін алған елдердің не уәкілетті органның шешімі бойынша, сондай-ақ белгіленген тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің иемденіп алуына рұқсат берілген шетелдік вахта және (немесе) облигациялар базалық активі болып табылатын туынды бағалы қағаздармен осы Заңның 8-бабының 2-тармағында белгіленген жағдайларда өзге де бағалы қағаздармен;

4) к а с т о д и а н д ы қ ;

5) т р а н с ф е р - а г е н т т і к .

Банктердің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің жоғарыда айтылған бір немесе бірнеше бірлескен түрлерін жүзеге асыруына лицензияларды уәкілетті орган б е р е д і .

Осы тармақтың 1) және 2) - тармақшаларында көзделген рейтингтік агенттіктердің тізбесін және талап етілетін барынша төмен рейтингін уәкілетті орган белгілейді.

12. Уәкілетті органның немесе Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін жекелеген қызмет түрлеріне лицензия алуға байланысты қосымша талаптар белгіленуі мүмкін .

13. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген банктік операцияларды депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылатын банктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес уәкілетті орган берген лицензия негізінде оның қызметін реттеп отыратын Ұлттық почта операторы ғана жүргізуге құқылы.

16) 32-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қаржы қызметі бойынша сыйақының шамасы туралы ақпаратты тарату, сонымен қатар жариялау кезінде банктер тәртібін уәкілетті орган белгілейтін сенімді, жылдық, тиімді түрде салыстырылып есептелген сыйақы ставкасын қосымша көрсетуі м і н д е т т і .

Банк көрсетілген талапты орындамаған жағдайда уәкілетті орган оған осы заңның 47-бабында көрсетілген санкцияны қолдануға құқылы.";

1 7) 3 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"34-бап. Банктік заем операциялары

1 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

1-1-тармақтағы "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар" деген сөздер "акционері (қатысушысы) бір ғана мемлекет болып табылатын ипотекалық компания немесе заңды тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктің заем операциялары банктің директорлар кеңесі бекітетін ішкі кредит саясаты туралы Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.";

4-тармақта "жүзеге асыру" деген сөзден кейін "банктік" деген сөзбен толықтырылсын.";

1 8) 4 0 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

а) тармақшасында "басқарушы қызметкер" деген сөзден кейін "бірінші басшы және филиалдың бас бухгалтері" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы д) тармақшасымен толықтырылсын:

"д) банктің аффилиирленген тұлғасы, сондай-ақ банк конгломератына қатысушылар
" ;

4 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

7-тармақтың екінші абзацындағы "басқарушы қызметкер" деген сөздерден кейін " бірінші басшы және филиалдың бас бухгалтері" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 41-баптың екінші бөлігінде "банктік топтар" деген сөздер "банк конгломераты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 0) 4 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктің бірінші абзацындағы "банктік топтармен" деген сөздер "банк

конгломераттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлікке "лауазымды тұлғалар" деген сөздерден кейін "және (немесе) банк акцияларының жиырма бес процентінен көп акцияларды иеленген банктің ірі қатысушылары - жеке тұлғалары" деген сөздермен толықтырылсын;"

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган банк холдингі жоқ банктерге және банк конгломераттарына жекелеген пруденциалдық нормативтер мен аталған банкке және банк конгломератына тән тәуекел факторларының ықтимал барынша жоғары өзгерістері кезінде туындайтын әлуетті қомақты шығындардың орнын толтыру үшін жеткілікті деңгейдегі олардың нормативтік мәнін белгілеуге 3-тармақтағы "банктік топтар" деген сөздер "банк конгломераты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Банк холдингтері, сондай-ақ банктің дауыс беретін акцияларының жиырма бес процентінен көп акцияларын иеленген банктің ірі қатысушылары - жеке тұлғалар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен көзделген банк конгломераты және банктің меншікті капиталының коэффициенттік жеткіліктілігін қолдау бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

Банктің қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда банк холдингі уәкілетті органның талабы банктің қаржылық жағдайын жақсарту үшін шаралар қабылдауға, оның ішінде банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде банктің меншікті капиталын өсіруге міндетті.

2 1) 4 6 - б а п т а :

6-тармақтағы "жағдайдағы," деген сөздер "уәкілетті орган банктің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуы анықталған жағдайда немесе" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8-бабындағы "банктің аффилиирленген тұлғалары" деген сөздер "банк холдингінің, банктің ірі қатысушылары және аффилиирленген тұлғалары, сондай-ақ банк конгломераты құрамына кіретін ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 2) 4 7 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

д) тармақшасындағы "капиталдың нақты болмауы" деген сөздер "меншікті капиталдың теріс мөлшері" деген сөздерімен, "банктің нақты капиталының мөлшері" сөздер "банк міндеттемелерінің сомасын шегергендегі банк активтерінің құны" деген сөздермен ауыстырылсын .

ж) тармақшасы алып тасталсын ;

з) тармақшасындағы "банк топтары" деген сөздер "банк конгломераты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3) 4 7 - 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"47-1-бап. Банктің ірі қатысушыларына, банк конгломератының құрамына кіретін заңды тұлғаларға және банк холдингтеріне қатысты қолданылатын мәжбүрлеу шаралары";

1 - т а р м а қ т а :

"және банк холдингтеріне" деген сөздерден кейін "немесе банк конгломератының құрамына кіретін заңды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын; үшінші абзацтағы "5" саны "10" санымен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"банктің ірі қатысушыларының (оның ішінде ірі қатысушының бақылауындағы ұйымдардың), банк холдингтерінің немесе банкке зиян келтіру мүмкіндігін куәландыратын банк конгломератының құрамына кіретін заңды тұлғалардың іс-әрекет ж а с а у ы ,

банктің ірі қатысушыларының (оның ішінде ірі қатысушының бақылауындағы ұйымдардың), банк холдингтерінің немесе банкке зиян келтіру мүмкіндігін куәландыратын банк конгломератының құрамына кіретін заңды тұлғалардың тұрақсыз қ а р ж ы л ы қ ж а ғ д а й ы ;

2 - т а р м а қ т а :

төртінші абзацтағы "қатысушы болып табылатын" деген сөздерден кейін "сондай-ақ банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдар" деген сөздермен толықтырылсын, " олар" деген сөз "олармен" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"банктен немесе банк холдингінен өз үлесінен бас тартуды иеленуді немесе еншілес ұйымдарға немесе жарғылық капиталында қомақты қатысуы бар ұйымдарға бақылау жасауды талап ету.";

2 4) 4 8 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

а) тармақшадағы "22-баптың 1-тармағының (б)-тармақшасының" деген сөздер "21-баптың" деген сөздермен ауыстырылсын;

з) тармақшасындағы "не" деген сөзден кейін "жүйелі түрде (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде үш және одан көп рет)"; мынадай мазмұндағы з-1) тармақшамен толықтырылсын:

"з-1) тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйесі бар бөлігінде уәкілетті орган белгілеген талаптарды сақтамау;"

мынадай мазмұндағы м-1) тармақшамен толықтырылсын:

"м-1) банк холдингінің банктің меншікті капиталын ұлғайту жөніндегі уәкілетті орган белгілеген талаптарды сақтамау;"

1-1-тармақтағы "жеке тұлғалардың депозиттеріне (ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру))" деген сөздер "депозиттерге міндетті кепілдік беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 5) 4 8 - 1 - б а п т а :

1-тармақтағы "банкті ұстау жөніндегі ағымдағы шығыстар" деген сөздер "уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Банктің уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімінің) және тарату комиссиясының құрамына қосылған уәкілетті орган қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шығыстарын қоспағанда, уәкілетті органның банктердің мәжбүрлеп қайта ұйымдастырылуы мен таратылуына байланысты шығыстарды қаржыландыруына, сондай-ақ банктің мүлкі болмаған не оның құны осы шығыстарды жабуға жеткіліксіз болған жағдайларда, соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасы әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымдарында жариялау жөніндегі шығыстарды өтеуіне тыйым салынады.";

2 6) 5 0 - б а п т а :

4-тармақтың екінші бөлігіндегі "салымдарға (депозиттерге) ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жөніндегі" деген сөздер ", депозиттерді міндетті сақтандыруды жүзеге асыратын," деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Банк құпиясы бар ақпарат басқа мемлекеттің банктік қадағалау жөніндегі уәкілетті органына уәкілетті орган мен ақпарат алмасуды көздейтін басқа мемлекеттің банктер қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органы арасындағы ақпарат алмасуды көздейтін келісім белгілеген тәртіппен ұсынылады.";

27) 52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Депозиттерді міндетті сақтандыру

1. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банк салымшыларының (депозиторларының) мүдделерін қорғау мақсатында депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі құрылады.

Депозиттерге міндетті кепілдік беруді арнайы құрылған коммерциялық емес ұйым жүзеге асырады.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі қызметінің құқықтық негіздемелері, оның қатысушыларының құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері Қазақстан Республикасының заң актісімен белгіленеді.

2. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысу депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиялары бар барлық екінші деңгейдегі банктер үшін міндетті болып табылады.";

28) 54-баптың 1-тармағындағы "және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін нысандар" деген сөздер алып тасталсын;

29) 54-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-1-бап. Банктің ірі қатысушыларының және банк холдингтерінің есеп беруі

1. Заңды тұлға болып табылатын банктің ірі қатысушысы жыл сайын уәкілетті органға өзінің қаржылық жағдайы мен қызметі туралы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі тоқсан күн ішінде қаржылық есеп және оған түсіндірме жазбаны беруі міндетті.

2. Жеке тұлға болып табылатын банктің ірі қатысушысы жыл сайын уәкілетті органға өзінің қаржылық жағдайы мен қызметі туралы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі тоқсан күн ішінде мүліктік кірістері туралы мәліметтері, сондай-ақ ақпараты б а р е с е п б е р у і м і н д е т т і :

1) басқа тұлғалармен бірлесіп олардың арасындағы шартқа не банк басқаша қабылдаған шешімге ықпал етуге, оның ішінде осындай ықпал ету мүмкіндігін белгілейтін өкілеттіктерді бөлетін сипаттаманы жүзеге асыру туралы;

2) жарғылық капиталдардағы (акциялар) оған тиісті қатысу үлесін көрсете отырып, ұйымдардағы иеленуші қызметтер туралы;

3) алынған заемдар есебінен ұйымдардың жарғылық капиталдардағы (акциялар) оған тиісті қатысу үлестерін иелену туралы;

4) жақын туыстар, жұбайы және жұбайының (жұбайларының) жақын туыстары т у р а л ы .

3. Банк холдингі уәкілетті органға мыналарды беруі тиіс:

1) есепті тоқсаннан кейінгі қырық бес күн ішінде тоқсандық шоғырландырылған қаржылық есеп пен түсіндірме жазбаны;

2) есепті жыл аяқталғаннан соң тоқсан күн ішінде шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті оған қоса аудиторлық ұйым растамаған түсіндірме жазбаны.

4. Заңды тұлға болып табылатын банктің ірі қатысушысының жылдық қаржылық есебіне түсіндірме жазбада, сондай-ақ банк холдингінің тоқсандық және жылдық қаржылық есебінің түсіндірме жазбаларында мыналармен шектелмейтін мынадай а қ п а р а т к ө р с е т і л у і т и і с :

1) ірі қатысушының (банк холдингінің) қызмет түрлерінің сипаты;

2) әрбір ұйымның немесе банк холдингі қатысушысы болып табылатын ірі қатысушы (банк холдингі) ұйымның атауын, оның жарғылық капиталындағы қатысу мөлшері мен үлесін (тиісті акциялар санын), ірі қатысушы (банк холдингі) ірі қатысушы (ірі акционер) болып табылатын ұйымдардың қаржылық есебін;

3) банктің ірі қатысушының (банк холдингінің) ірі қатысушы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталындағы қатысу мөлшері мен үлесі (тиісті акциялар саны), осы ұйымның қызмет түрі және түрлері және қаржылық

есеп беруінің сипаты, сондай-ақ аффилиирленген тұлғалар туралы, ірі қатысушыға бақылауды жүзеге асырушы тұлғалар туралы, банктің ірі қатысушысына бақылау жасайтын тұлғалардың еншілес және бағынышты ұйымдары туралы мәліметтер;

Банкте банк холдингі болмаған жағдайда банктің ірі қатысушысы тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей осы баптың 4-тармағында көрсетілген қаржылық есепті және ақпаратты беруі тиіс.";

30) 55-бапта "нысандар бойынша" деген сөздер "қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 1) 5 7 - б а п т а :

1-1-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Банк конгломераты қатысушыларының аудитін сол бұрынғы аудиторлық ұйым жүзеге асырады." ;

4, 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аудиторлық ұйым аудит қорытындысын және өз тұжырымдарын банк басқармасы мен директорлар кеңесіне ұсынатын, қажет болған жағдайда банк конгломераты құрамына кіретін банк басқа заңды тұлға белгілейтін есебінде көрсетеді.

Банк конгломераты құрамына кіретін банктің және басқа заңды тұлғалардың қаржылық есеп беру аудиторлық есебі және басқа ақпараттар құпия болып есептелмейді. Басқа ақпараттар аудиттің құрамында банктің активтер және шартты міндеттемелері (провизиялар мен пруденциалдық нормативтерді қалыптастыру) жіктелімін орындауын уәкілетті органның тексеруі жөніндегі ақпараттар бар.

Аудиторлық ұйымның жанама қызмет көрсету шарты уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

5. Аудиторлық ұйым уәкілетті органға жылдық қаржылық есепті беру үшін банктер белгілеген мерзімде уәкілетті органға аудиторлық есептің көшірмесін беруге міндетті.

Банк аудиторлық есептің көшірмесін оны алғаннан кейін он күн ішінде банк конгломераты құрамына кіретін басқа заңды тұлғаларға беруі міндетті.";

6 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "банк тобының" деген сөздер "банк конгломератының" деген сөздермен ауыстырылсын." ;

екінші абзац алып тасталсын;

32) 63-баптың 1-тармағындағы "не оның қызметкерлері болып табылмайтын адамдар" деген сөздер "депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымдар өкілдері, не осы Заңның 20-бабының 2-тармағында белгіленген барынша төмен талаптарға сәйкес келетін өзге тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын.";

3 3) 6 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

б) тармақшасындағы "басшы қызметкерлер" деген сөздер "басшы қызметкерлер жұмыстан шеттетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы ж) тармақшасымен толықтырылсын:

"ж) кредитор мен борышкер бір адам болып келген жағдайда өзара талап ету
с ы н а ғ ы н ө т к і з у .

Кредитормен өзара талап ету сынағын өткізу, егер консервация барысындағы банктің талаптары талап ету құқығын басқаға беру шарт(тар)ынан туындаған жағдайда тыйым салынады.";

3 4) 7 3 - б а п т а :

4) тармақшадағы "салық органдарының" деген сөздер "салық қызметі органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Аралық тарату балансын бекіткенге дейін бәрі бір адам болып келген кезде кредитор мен борышкердің өзара талап ету сынақтарын жүргізуге жол беріледі.

Аралық тарату балансы бекітілгеннен кейін өзара талап ету сынақтары аталған кредитордың талаптарын қанағаттандырудың тиісті кезегі келген кезде ғана жасалады.

Таратылып отырған банкке қоятын талаптары талап ету құқығын басқаға беру шарт (тар)ынан туындап отырған кредитормен өзара талап ету сынақтарын жүргізуге жол берілмейді.";

35) мынадай мазмұндағы 73-1-баппен толықтырылсын:

"73-1-бап. Мәжбүрлеп таратылып отырған банктің дебиторлық берешегі, мүлкі бойынша міндеттемелерінің бөлігін және талап ету құқығын бір мезгілде басқа банк(терге)ке беру жөніндегі операция

1. Соттың банкті мәжбүрлеп тарату жөніндегі шешімі күшіне енген күннен бастап уәкілетті органмен келісе отырып, банктің дебиторлық берешегі бойынша талап ету бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды бір жыл және одан артық өтеу мерзімімен ұзақ мерзімді кредиттер түрінде басқа банк(терге)ке беру жөніндегі операцияларды депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдік берген депозиттері бойынша банк міндеттемелерінің бөлігімен жүргізуге жол беріледі.

2. Мәжбүрлеп таратылып отырған банктің аралық тарату балансы бекітілгеннен кейін осы Заңның 74-2-бабымен белгіленген кредиторлар талаптарын қанағаттандыру кезегі сақтала отырып, оның міндеттемелері мен мүлкін беру операцияларын жүргізуге ж о л б е р і л е д і .

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген операцияларды жүргізу тәртібі және ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен а й қ ы н д а л а д ы .

4. Қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерін басқа банк(терге)ке беру депозиторлардың келісімімен жүзеге асырылады. Уақытша әкімшілік депозиторлардың келісімін алу үшін таратылушы банктің тарату комиссиясы республикалық мерзімдік баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде

кепілдік берілген депозиттер бойынша болғалы отырған міндеттемелерді беру туралы хабарландыруларды жариялайды. Хабарландыру жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде депозиторлардан жазбаша қарсылық болмаған жағдайда бұл депозитордың депозитті беруге келісім беруі деп түсіндіріледі.";

36) 74-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "тағайындау" деген сөзден кейін " және таратуды жүзеге асыру" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 74-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"74-2-бап. Таратылатын банк кредиторларының талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі

1. Таратылатын банк кредиторларының, оның ішінде оның банкроттығымен байланысты талаптары осы бапта белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.

2. Тарату өндірісімен байланысты, оның ішінде банктің тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар кезектен тыс жасалады.

3. Белгіленген тәртіппен танылған кредиторлардың талаптары, мынадай кезектілікте қанағаттандырылуға тиіс:

1) бірінші кезекте жеке тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауап бере отырып, таратылатын банк олардың талаптарын тиісті мерзімдік төлемдерді капитализациялау жолымен қанағаттандырады;

2) екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдардың еңбекақысын төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударым бойынша берешек жөнінде, жалақыдан ұсталған алиментті төлеу жөнінде, авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөнінде есеп айырысулар жүргізіледі;

3) үшінші кезекте мәжбүрлеп таратылатын банк берген есеп-қисапқа сәйкес кепілдік берілген депозит бойынша ол төлеген (төлейтін) өтем сомасы бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның талаптары қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте депозиттер мен ақша аударымдары бойынша жеке тұлғалардың талаптары, жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің есебінен жүзеге асырылған депозиттер бойынша, өмірді сақтандыру саласы бойынша тартылған қаражаттың есебінен жүзеге асырылған сақтандыру ұйымдарының депозиттері бойынша талаптар қанағаттандырылады;

5) бесінші кезекте тек қана қайырымдылық қызметімен айналысатын коммерциялық ұйымдармен, Ұлы Отан соғысы ардагерлері ұйымдарымен және оған теңестірілген адамдардың ұйымдарымен, Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамымен, Қазақ зағиптар қоғамымен, Қазақ саңыраулар қоғамымен және осы заңды тұлғалардың меншікті болып табылатын өндірістік ұйымдармен және олардың банктік шоттарында бар және депозитке орналастырылған қаражаты бойынша олардың есебінен құрылған басқа да мүгедектердің ұйымдарымен есеп айырысулар жүзеге асырылады;

6) алтыншы кезекте таратылатын банктің мүлкін кепілге алумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша заңды тұлғалардың талаптары қанағаттандырылады;

7) жетінші кезекте салық, алым және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілген кредиттерді қайтару бойынша міндетті төлемдер бойынша қарыздар өтеледі;

8) сегізінші кезекте Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа кредиторлармен есеп айырысулар жүргізіледі.

4. Әр кезектің талабы өзінің алдындағы кезектің талаптары толық қанағаттандырылғаннан кейін орындалады.

Кредитордың талаптары оның келісімімен заңға қайшы келмейтін тәсілдермен, оның ішінде ақшалай нысанда және (немесе) мүлікті заттай беру арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

Бір кезектегі кредиторлардың талаптары қанағаттандырылған кезде таратылатын банктің ақшасы және (немесе) өзге де мүлкі осы кезектегі кредиторлардың арасында бір мезгілде қанағаттандыруға тиісті талаптар сомасына бара-бар бөлінеді.";

38) 74-4-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6), 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) тарату шығыстары сметасының ерекшеліктерін және қалыптастыру мен бекіту тәртібін белгілеу;

7) тарату комиссиясының кассадағы қолма-қол ақшаны сақтау ережелерін орындау жөніндегі талаптарын, қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын жасауды, кассалық құжаттарды жүргізуді, қолма-қол ақшаны шығыстауды қамтамасыз етуді, касса қалдықтарының лимиттерін, сондай-ақ тарату комиссиясының ағымдағы шотына қолма-қол ақшаны өткізу мерзімдерін айқындау."

9. "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; 2003 ж., N 11, 67-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 9), 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) ипотекалық компания - қызметінің ерекше түрі осы Жарлықта көзделген қызмет болып табылатын заңды тұлға;

10) уәкілетті орган - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган.";

2) 2-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы Жарлықта көзделген банк операцияларын жүзеге асыруға олардың лицензиялар алуына, сондай-ақ олардың қызметін реттеуге байланысты ипотекалық компанияларға арналған талаптар Қазақстан Республикасының заңдарымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді."

3) мынадай мазмұндағы 6-тараумен толықтырылсын:

"6-тарау. Ипотекалық компания";

4) мынадай мазмұндағы 37-1, 37-2, 37-3, 37-4, 37-5-баптармен толықтырылсын:

"37-1-бап. Ипотекалық компанияны құру

1. Ипотекалық компания Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылады.

2. Ипотекалық компанияның атауында "ипотекалық компания" деген сөздер болуы тиіс.

Ипотекалық компания ретінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген заңды тұлға ипотекалық компания деп аталына алмайды.

3. Ипотекалық компания уәкілетті орган берген лицензияның негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын коммерциялық ұйым болып табылады.

37-2-бап. Ипотекалық компанияның қызметі

1. Ипотекалық компания қызметінің негізгі түрі банктік заем операцияларын жүзеге асыруға уәкілетті орган берген лицензияның негізінде ипотекалық заем мен ипотекалық тұрғын үй заемын беру болып табылады.

2. Ипотекалық компания мынадай қосымша операцияларды:

1) сенімгерлік операциялар: ипотекалық тұрғын үй заемдарын басқару;

2) факторингтік және форфейтинг операцияларын;

3) лизинг қызметін жүзеге асыруға құқылы.

3. Ипотекалық компанияның лицензияны беру, тоқтата тұру және қайтарып алу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

4. Ипотекалық компания мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1) осы баптың 6-тармағында көзделген шектеулерді есепке ала отырып инвестициялық қызметті;

2) ақпарат тасымалдаушылардың кез келген түрінде ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша арнайы әдебиетті сатуға;

3) меншік мүлігін сатуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен заемшы салған мүлікті сатуға;

5) оның қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсетуге;

6) бағалы қағаздарды, оның ішінде облигацияларды шығару мен орналастыруға.

5. Ипотекалық компания өзінің қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған қаржыландыру көздерін пайдалануға құқылы.

6. Ипотекалық компанияға:

1) қаржы ұйымдарының;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметті жүзеге асыратын қор биржасының ең жоғары санатының тізіміне акциялары енген қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалардың;

3) ипотекалық компаниялардың қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу жағдайларынан басқа, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға тыйым салынады.

37-3-бап. Уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті орган ипотекалық компанияларға қатысты мынадай функцияларды:

1) ипотекалық компанияларға осы Жарлықта көзделген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруға лицензиялар береді;

2) ипотекалық компаниялардың тізілімін жүргізеді;

3) пруденциалдық нормативтерді және ипотекалық компаниялар сақтауға міндетті басқа нормалар мен лимиттерді белгілейді;

4) ипотекалық компаниялар орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

5) ипотекалық компаниялардың есеп беру тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және тәртібін белгілейді;

6) ипотекалық компаниялардың қызметін дербес не басқа ұйымдарды тарта отырып инспекциялайды;

7) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге функцияларды жүзеге асырады.

2. Ипотекалық компания Қазақстан Республикасының заңдарын және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін бұзған кезде осы Жарлықтың 37-4-бабында белгіленген ықпал ету шаралары мен санкциялар қолданылуы мүмкін.

3. Ықпал ету шаралары мен санкцияларды қолдану тәртібін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері белгілейді.

37-4-бап. Ипотекалық компанияларға қолданылатын ықпал ету шаралары және оларды қолдану негіздері

1. Ипотекалық компания Қазақстан Республикасының заңдарын және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін бұзған жағдайда оған осы бапта белгіленген ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін. Ықпал ету шаралары деп шектеулі ықпал ету шаралары мен санкцияларды түсінуге болады.

2. Уәкілетті орган ипотекалық компанияға қатысты шектеулі ықпал ету шаралары ретінде мынадай шектеулі шараларды қолдануға құқылы:

1) міндеттеме-хатты талап етуге;

2) орындауға міндетті жазбаша нұсқауды беруге. Ипотекалық компанияның міндеттеме-хатында орын алған кемшіліктерді тану фактісі және ипотекалық компания басқармасы басшысының жоспарланған іс-шаралар тізбесін көрсете отырып, оларды

қатаң түрде белгіленген мерзімде жою жөніндегі кепілі болуы тиіс.

Уәкілетті органның жазбаша нұсқауы - бұл анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімге жоюға бағытталған түзету шараларын қабылдау туралы ипотекалық компанияға берілген нұсқау. Уәкілетті органның жазбаша нұсқауын сотта шағымдану оның орындалуын тоқтатпайды.

Ипотекалық компания құжатта көрсетілген мерзімде міндеттеме-хатты немесе жазбаша нұсқауды орындағаны туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

3. Шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

4. Уәкілетті орган ипотекалық компанияға қатысты санкция ретінде мынадай шараларды қолдануға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген негіздер бойынша айыппұл салуға және өндіріп алуға;

2) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген негіздер бойынша лицензияны тоқтата тұруға не қайтарып алуға;

3) осы мәселені ипотекалық компанияның тиісті органы қарағанға дейін ипотекалық компания басқармасының бірінші басшысы қызметтік міндеттерін орындаудан мынадай негіздер бойынша уақытша шеттетуге (үш айдан астам емес мерзімге):

осы Заңда көзделген қызметті жүзеге асырумен байланысты міндеттемелерді ойдағыдай орындамау;

уәкілетті органның міндеттеме-хатын және жазбаша нұсқауын орындамау;

уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзуы.

5. Уәкілетті орган құқық бұзу сипатына қарай банктік және өзге операциялардың барлығына не жекелеген түрлеріне берілген лицензияны тоқтата тұрады не қайтарып алады.

Уәкілетті орган қабылданған шешім туралы ақпаратты мерзімді баспасөз басылымдарында жариялайды.

6. Уәкілетті органның ипотекалық компанияға қатысты осы бапта көзделген ықпал ету шараларын қолдану туралы шешімін сотта шағымдануға болады.

37-5-бап. Ипотекалық компанияны қайта ұйымдастыру және тарату

1. Ипотекалық компанияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Сот шешімі бойынша ипотекалық компания:

1) банкрот болғанда;

2) осы Жарлықта көзделген банк операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензияны қайтарып алғанда;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа жағдайларда таратылады.

Осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша ипотекалық компанияны тарату туралы талаптарды уәкілетті орган сотқа ұсына алады."

10. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 12-1), 12-2), 15-1), 15-2), 15-3), 29-1) тармақтармен толықтырылсын:

"12-1) еншілес ұйым - оған қатысты басқа заңды тұлға бақылауға ие заңды тұлға;

12-2) капиталға қомақты қатысу - дербес немесе бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп, тікелей немесе жанама иемдену не дауыс беретін (қатысушылар салымдарының) жиырма және одан астам процентімен дауыс беру мүмкіндігінің болуы;

"15-1) бақылау - мынадай жағдайлардың біреуі:

дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп дауыс беретін акциялардың елу процентінен астамымен бір заңды тұлғаны тікелей немесе жанама иемдену не басқа заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының елу процентінен астамымен дербес дауыс беру мүмкіндігінің болуы;

бір заңды тұлғада директорлар кеңесі немесе басқа заңды тұлғаның басқармасы құрамының кемінде жартысын сайлау мүмкіндігінің болуы;

бір заңды тұлғаның қаржылық есебін аудиторлық есепке сәйкес басқа заңды тұлғаның қаржылық есебіне қосу;

бір заңды тұлғада басқа заңды тұлғаның қаржылық немесе шаруашылық қызметін айқындау мүмкіндігінің, заң күшімен, сондай-ақ өзге растайтын құжаттардың не басқаша айтқанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда болуы болған кезде туындайтын басқа заңды тұлғаның қаржылық немесе шаруашылық қызметін айқындау мүмкіндігі.

15-2) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын жанама иемдену (дауыс беру) - ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушы болып бірлесе табылатын тұлғалардың біреуінің акцияларын иемдену (дауыс беру), немесе уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалатын тәртіппен басқаша түрде;

15-3) уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының он немесе одан астам процентін тікелей немесе жанама иемденетін немесе:

ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының он немесе

одан астам процентіне тікелей немесе жанама дауыс беруге;
ашық жинақтаушы зейнетақы қорының қабылдаған шешіміне шарт күшімен не уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалатын тәртіппен басқаша түрде әсер етуге мүмкіндігі бар ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы - Қазақстан Республикасының резиденті - жеке тұлға немесе Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес - заңды тұлғасы (осындай иесі мемлекет болып табылатын жағдайлардан басқа) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы.

"29-1) сабақтас ұйым - басқа заңды тұлғаға бақылау жасайтын заңды тұлға;"

2) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдарын, өкілдіктерін құру, жабу

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры қорды басқару органы шешімінің негізінде уәкілетті органның келісімінсіз өзінің оқшауланған бөлімшелерін - Қазақстан Республикасының аумағында филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры әділет органдарында өзінің филиалы мен өкілдігін есепке алып тіркеген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде олардың ашылуы туралы мынадай қосымшалармен:

1) филиалдың және өкілдіктің есепке алып тіркелгендігі туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесімен;

2) Қазақстан Республикасының тіркелген әділет органының белгісі және мөрі бар филиал немесе өкілдік туралы ереженің нотариатта куәландырылған көшірмесімен;

3) филиалдың немесе өкілдіктің бірінші басшысына берілген сенімхаттың нотариатта куәландырылған көшірмесімен бірге уәкілетті органға жазбаша хабарлауға міндетті.

3. Қордың филиалы - жинақтаушы зейнетақы қорының атынан қызметті жүзеге асыратын және жинақтаушы зейнетақы қорының оған берген өкілеттіктерінің шегінде іс-әрекет жасайтын жинақтаушы зейнетақы қорының тұрған жерінен тыс орналасқан заңды тұлға болып табылмайтын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі. Жинақтаушы зейнетақы қорының филиалында жинақтаушы зейнетақы қорымен бірыңғай баланс, сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы қорының атауымен толық сәйкес келетін атау болады.

4. Жинақтаушы зейнетақы қорының өкілдігі - жинақтаушы зейнетақы қорының атынан және тапсырмасы бойынша іс-әрекет жасайтын және зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асырмайтын жинақтаушы зейнетақы қорының тұрған жерінен тыс орналасқан заңды тұлға болып табылмайтын жинақтаушы зейнетақы қорының бөлімшесі.

5. Жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдарын және Қазақстан

Республикасының резидент емес өкілдіктерін Қазақстан Республикасында ашуға
т ы й ы м с а л ы н а д ы .

6. Жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдарын ашудың міндетті шарты:

1) соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының залалсыз қызметі:

2) жинақтаушы зейнетақы қорының филиалды ашу туралы шешімді қабылдау алдындағы үш ай ішінде пруденциалдық нормативтерді сақтауы;

3) жинақтаушы зейнетақы қорына әділет органдарында филиалды есепті тіркеген күннің алдындағы үш ай ішінде уәкілетті органның тарапынан ықпал ету шараларының қолданылмауы болып табылады.

7. Жинақтаушы зейнетақы қоры соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша оның залалсыз қызметі кезінде Қазақстан Республикасының аумағында өкілдік ашуға құқылы.

8. Филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде жинақтаушы зейнетақы қоры көрсетілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды есепке алып тіркеген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлауға тиіс.

9. Жинақтаушы зейнетақы қоры өзінің филиалын және өкілдігін әділет органдарында есепке алып тіркеуден шығарған күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры филиалының және/немесе өкілдігінің есепке алып тіркеуден шығарылғандығын растайтын әділетті орган құжатының нотариатта куәландырылған көшірмесімен бірге оның қызметінің тоқтатылғандығы туралы уәкілетті органға жазбаша хабарлауға тиіс.

10. Уәкілетті орган осы баптың 2, 7, 8-тармақтарының талаптарын орындамаған жағдайда филиалды және өкілдікті жабуды талап етуге құқылы.";

3) мынадай мазмұндағы 36-1, 36-2-тармақтармен толықтырылсын:

"36-1-бап. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы

1. Бір де бір тұлға дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы болып табыла алмайды. Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалары негізгі рейтингтік агенттіктердің біреуінің ең төменгі талап етілетін рейтингі болғанда ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алуға уәкілетті органның келісімін ала алады. Рейтингтік агенттіктердің ең төменгі рейтингін және тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

2. Ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім беру, қайтарып алу тәртібін, аталған келісімді алу үшін берілген құжаттарға қойылатын талаптарды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері айқындайды.

3. Келісім алу үшін ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы болғысы келетін тұлға осы баптың 4, 5 және 6-тармақтарында айқындалған құжаттар

мен мәліметтердің қосымшасымен бірге ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алу туралы өтінішті уәкілетті органға беруге міндетті.

4. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім алу үшін жеке тұлға - Қазақстан Республикасының резиденті мынадай құжаттарды :

1) дерек көздерінің сипаттамасы мен акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын ақша сомасын қоса отырып, растайтын құжаттар көшірмелерінің қосымшасы бар ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын сатып алудың шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді ;

2) өтініш иесі мүдделерінің ұсынуы тапсырылатын өтініш иесінің өкілі туралы мәліметтерді (бар болғанда) ;

3) онда ол ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімін және олардың құрылтайшы құжаттарын ;

4) білімі туралы, еңбек қызметі туралы, сондай-ақ сотталғандығының болуы туралы , сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы мәліметтерді, қаржы, салық салу саласындағы құқық бұзушылықтарды қоса отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш иесінің басшы қызметкерлері жөніндегі қысқа деректерді береді .

5. Ірі қатысушы мәртебесін иемденуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы мынадай құжаттарды:

1) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын сатып алу туралы өтініш иесінің жоғарғы органы шешімінің көшірмесін;

2) осы баптың 4-тармағының 1)-2)-3) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды ;

3) құрылтайшы құжаттардың нотариатта куәландырылған көшірмелерін, өтініш берушінің ірі қатысушылары туралы, сондай-ақ өтініш берушінің ірі қатысушыларының ірі қатысушылары туралы қысқа деректерді;

4) білімі, еңбек қызметі туралы, сондай-ақ сотталғандығының болуы туралы, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы мәліметтерді, қаржы, салық салу саласындағы құқық бұзушылықтарды, өтініш иесінің басшы қызметкерлері жөніндегі қысқа деректерді;

5) аудиторлық ұйым куәландырған соңғы екі қаржы жылындағы жылдық қаржылық есепті, сондай-ақ сәйкес өтінішті берер алдындағы соңғы аяқталған тоқсандағы қаржылық есепті ;

6) сатып алғаннан кейін өтініш иесінің және ашық жинақтаушы зейнетақы қорының болжалды есеп айырысу балансын, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін сату, қайта ұйымдастыру немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне немесе басқаруына елеулі өзгерістер енгізу бойынша, егер ондайлар бар болса, өтініш

иесінің жоспарлары мен ұсыныстарын қоса отырып, іс-шаралар жоспары мен ұйымдастыру құрылымын қоса отырып, ірі қатысушы мәртебесін сатып алу салдарының қаржылық болжамын береді.

6. Ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасы мынадай құжаттарды:

- 1) осы баптың 4-тармағының 1)-2)-3) тармақшасында, 5-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;
- 2) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық рейтинг агенттіктерінің біреуіне берілген заңды тұлғаның кредит рейтингі туралы мәліметтерді береді.

7. Ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент емес қаржы ұйымы мынадай құжаттарды:

- 1) осы баптың 6-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;
- 2) өтініш иесі осы ел заңдарының шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екендігі туралы өтініш иесі шыққан елдің қаржылық қадағалау органының жазбаша растауын не өтініш иесі шыққан елдің қаржылық қадағалау органының мұндай рұқсат осы елдің заңдары бойынша қажет емес екендігі туралы өтінішін береді.

8. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы болып бірлесе табылатын тұлғалар ашық жинақтаушы зейнетақы қорының он немесе одан астам процентпен дауыс беретін акциясын тікелей немесе жанама дауыс беруді иемденетін сомадағы немесе мүмкіндігі бар және:

- 1) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының қабылдаған шешіміне шарт күшімен не басқаша түрде бірлесіп ықпал етуші;
- 2) бір-біріне жекелей немесе өзара ірі қатысушы болып табылатын;
- 3) олардың біреуі лауазымдық тұлға немесе басқа тұлғаның өкілі болып табылатын;

4) олардың біреуі басқа тұлғаға олардың арасында жасалған шартқа сәйкес ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген;

5) олар жақын туысқандар немесе ерлі-зайыптылар болып табылатын тұлғалар
б о л ы п т а н ы л а д ы .

Егер ашық жинақтаушы зейнетақы қоры банктер және банк қызметі туралы заңдардың талаптарына сәйкес банк конгломератына кірген жағдайда, ашық жинақтаушы зейнетақы қоры Банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шоғырландырылған қадағалауға жатады.

9. Осы баптың талаптарына сәйкес ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін алу үшін берілген өтініш бойынша шешімді құжаттардың толық пакетін берген күннен бастап үш ай ішінде уәкілетті орган қабылдауы тиіс.

10. Уәкілетті орган соның негізінде келісім күмәнді мәліметтерді анықтаған немесе осы Заңның талаптарын ірі қатысушылар сақтамаған жағдайда, осы бапқа сәйкес

берілген келісімді қайтарып алуға құқылы. Мұндай жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға ашық жинақтаушы зейнетақы қорының жарғылық капиталына өзінің қатысу үлесін Заңның осы бабымен төмен белгіленген деңгейге дейін қысқартуға немесе өзінің тікелей немесе жанама дауыс беру құқығын қолдануды қоса отырып, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының басшылығына немесе қызметіне ықпал етуді (немесе ықпал етуге тырысуды) тоқтату жөнінде өзіне міндеттеме алуға міндетті.

11. Уәкілетті органның келісімін міндетті түрде алу қажеттілігі туралы осы баптың талаптары тұлға оған қатыссыз себептер бойынша ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы белгісіне сәйкес болған не кепілі ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акциялары болып табылған борыштық міндеттемелер бойынша салынған мүліктің оған көшуінің нәтижесінде осы баппен белгіленген шекке тең немесе одан асатын сандағы ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын меншігіне алған жағдайларға қолданылмайды.

Көрсетілген жағдайларда ірі қатысушы белгісіне сәйкес тұлға акцияларды сатып алған немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы белгісіне оның сәйкестігі және басшылыққа немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының саясатына ықпал етуге бағытталған ешқандай іс-қимылдарды жасамау немесе осы баптың қосымшасына сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімін ол алмайынша осындай жолмен сатып алған акциялармен дауыс беру керектігі оған белгілі болған кезден бастан отыз күн ішінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Тиісті мәртебені сатып алу туралы өтініш уәкілетті органға акцияларды сатып алған кезден бастап не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы белгісіне оның сәйкестігі оған белгілі болған кезден бастап, егер бұл тұлға көрсетілген мерзімде акцияларды иелігінен алғысы келмесе, алпыс күннің ішінде уәкілетті органға беріледі. Акцияларды иелігінен алу туралы шешімнің қабылданғаны жөніндегі ақпарат оларды сатып алған күннен бастап алпыс күннің ішінде осындай шешімді қабылдаған күннен бастап дереу уәкілетті органға беріледі.

12. Уәкілетті орган, егер ірі қатысушы белгісіне немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акцияларының тікелей, жанама иелеріне тұлғаның сәйкес келетіндігін көрсететін мәліметтер оған белгілі болса немесе ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын тікелей, жанама иемденуші болып табылса немесе келісімнің негізінде немесе басқаша түрде осы Заң талаптарына сәйкес уәкілетті органның келісімінсіз осы баппен белгіленген шектерге тең немесе одан асатын мөлшердегі ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларымен дауыс беру мүмкіндігі бар жеке және заңды тұлғалардан ақпарат беруді талап етуге құқылы. Ақпарат кез келген тұлғадан, сонымен қатар осы тұлғалардың бақылауында болып табылатын ұйымнан талап етіле алады.

13. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күндік мерзімде ол тікелей немесе жанама иемденетін немесе

растайтын құжаттарды бере отырып тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларын өзгерту туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

14. Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ашық жинақтаушы зейнетақы қорының жарғылық капиталына олардың қатысу үлесін көрсете отырып, барлық өзінің ірі қатысушыларының тізімін есепті тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей уәкілетті органға тоқсан сайын беруге міндетті.

15. Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларының он және одан астам процентін иемденетін акционерлер құрамының өзгеруі туралы осы деректі олардың белгілеген күнінен бастап он бес күннің ішінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

16. Көрсетілген мерзімдерде осы баптың 11, 12, 13, 14 және 15-тармақтарына сәйкес талап етілетін ақпаратты ашық жинақтаушы зейнетақы қорының, ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушыларының, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушысының белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың уақтылы бермеуі, бермеуі немесе күмәнді мәліметтерді беруі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапқа тартылады.";

"36-2-бап. Уәкілетті органның ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы болуға тілек білдіруші тұлғаларға келісім беруінен бас тарту үшін негіздеме

1. Уәкілетті органның ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы болуға тілек білдіруші тұлғаларға келісім беруінен бас тартуға мыналар:

1) осы Заңның 40-бабының 2-тармағы 3)-4)-5) тармақшаларының талаптарын сақтамау (жеке тұлғаға немесе өтініш берушінің басшы қызметкерлеріне - заңды тұлғаға қатысты);

2) өтініш берушінің тұрақсыз қаржылық жағдайы;

3) осы Заңның 36-1-бабында көрсетілген құжаттарды бермеу;

4) өтініш берушінің ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алуы нәтижесінде монополияға қарсы заңдардың талаптарын бұзу;

5) оффшорлық аймақта тіркелген тұлға (оның аффилиирленген тұлғасы) немесе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалардың қатысушысы (құрылтайшысы, акционері) болып табылатын жеке тұлға ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алу жөніндегі мәміледегі тараптардың біреуі болып табылатын жағдай;

6) өтініш иесінің осы Заңмен белгіленген ашық жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары мен акционерлеріне қойылатын өзге талаптарды сақтамауы;

7) өтініш иесі - қаржы ұйымы өзі тұратын елде шоғырландырылған негіздегі қадағалауға жатпайтын жағдай;

8) өтініш иесінің қаржылық болжамы ашық жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайының нашарлайтындығын болжауы;

9) өтініш иесінде - Қазақстан Республикасының резидент емес қаржы ұйымында шыққан елі заңдарының шеңберіндегі қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттілердің болмауы;

10) өтініш иесінде - Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасында тізбесін уәкілетті орган айқындайтын халықаралық рейтингтік агенттіктердің біреуінің ең төменгі қажетті рейтингінің болмауы негіздеме болып табылады.

2. Өтініш иесінің тұрақсыз қаржылық жағдайының белгісі мыналардың біреуі:

1) заңды тұлғаның - өтініш иесінің өтініш берген күнге дейін кемінде екі жылдың ішінде құрылуы;

2) өтініш иесі міндеттемелерінің акцияда орналастырылған активтердің сомасын және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесі мен ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларын сатып алуға болжалданған активтерін шегере отырып, оның активтерінен асуы;

3) аяқталған екі қаржылық жылдың нәтижелері бойынша шығындар;

4) өтініш беруші міндеттемелері мөлшерінің ашық жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйіне арналған елеулі тәуекелді ұсынуы;

5) өтініш берушінің ашық жинақтаушы зейнетақы қорының алдындағы мерзімі өткен және (немесе) банктің балансына жатқызылған берешегінің болуы;

6) өтініш иесінің қаржылық болжамы өтініш иесінің қаржылық жағдайының нашарлайтындығын болжауы;

7) ашық жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) оның клиентіне зиян келтіру мүмкіндігі жөнінде куәландыратын өзге негіздемелер бойынша болып табылады.

3. Ірі қатысушы мәртебесіне тұлға келісім алмағанда уәкілетті орган осы Заңның 42-7-тармағында көзделген мәжбүрлеу шараларын осы тұлғаға қолдануға құқылы.

4) 39-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияны беру туралы шешім уәкілетті органның ресми басылымында жарияланады;"

5) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"40-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Жинақтаушы зейнетақы қорының оқшауланған бөлімшесінің бірінші басшысы мен бас бухгалтерін қоспағанда, директорлар кеңесінің бірінші басшысы мен мүшелері, басқарманың бірінші басшысы мен мүшелері жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлері болып танылады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлері болып мынадай:

1) жоғары білімі жоқ;

2) осы баппен белгіленген қаржылық қызметті ұсыну және(немесе) реттеу саласындағы жұмыс стажы жоқ;

3) экономикалық қызмет саласында жасаған қылмыстары үшін, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге қылмыстары үшін заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар;

4) қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, оның лицензиясын қайтарып алу туралы, сондай-ақ оны мәжбүрлеп тарату немесе заңдармен белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы уәкілетті органның шешімін қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, қаржы ұйымының бас бухгалтері болып бұрын табылған тұлға тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, оның лицензиясын қайтарып алу туралы, сондай-ақ оны мәжбүрлеп тарату немесе заңдармен белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы уәкілетті орган шешім қабылдағаннан кейін бес жыл ішінде қолданылады.

5) осы тұлғаның өзге қаржы ұйымындағы басшы қызметкер қызметінде болып табылған кезеңде басшы қызметкер қызметіне тағайындауға (сайлауға) берілген келісім қайтарып алынған тұлға тағайындала (сайлана) алмайды. Көрсетілген талап басшы қызметкер қызметіне тағайындауға (сайлауға) келісімді қайтарып алу туралы рұқсатты уәкілетті орган қабылдағаннан кейін соңғы қатарынан он екі ай ішінде қолданылады.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы жинақтаушы зейнетақы қоры басқармасының басшы қызметкері қызметіне тағайындала (сайлана) алмайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесінің кемінде отыз проценті тәуелсіз директорлардан тұруға тиіс.

4. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген ең төменгі талапқа сәйкес келу үшін жұмыс стажы болу қажет:

1) басқарманың тәуелсіз директоры, бірінші басшысы, жинақтаушы зейнетақы қорының бас бухгалтері қызметіне кандидаттар үшін қаржылық қызметті көрсету және(немесе) реттеу саласында кемінде үш жыл;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры басқармасының мүшесі қызметіне кандидаттар үшін қаржылық қызметті көрсету және (немесе) реттеу саласында кемінде екі жыл.

Тәуелсіз директордан басқа, директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері қызметіне кандидаттар үшін қаржылық қызметті көрсету және (немесе) реттеу саласында жұмыс стажының болуы талап етілмейді.

Осы тармақпен айқындалған жұмыс стажына шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты қаржы ұйымының бөлімшелеріндегі жұмыс кірмейді.

5. Басшы қызметкер оны тағайындаған (сайлаған) күннен бастап кемінде алпыс күнтізбелік күн уәкілетті органмен келіспей өз қызметін атқаруға құқылы.

Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін және уәкілетті органға келісуге құжаттарды бермеген жағдайда не келісуден уәкілетті орган бас тартқан жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры осы тұлғамен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға м і н д е т т і .

6. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері қызметіне сайлауға (тағайындауға) уәкілетті органның келісімін беру тәртібі келісім алу үшін қажет құжаттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

7. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден уәкілетті орган бас тартқан не жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері қызметінен оны шығарған немесе осы жинақтаушы зейнетақы қорындағы өзге қызметке оны ауыстырған жағдайда аталған тұлға осы жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері қызметіне оны сайлауға (тағайындауға), не оның жұмыстан шығуына не өзге жұмысқа ауысуына келісім беруден бас тартқаннан кейін тоқсан күнтізбелік күннен ерте емес, бірақ соңғы он екі айдың ішінде қайтадан т а ғ а й ы н д а л а а л а д ы .

8. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері қызметіне кандидат тағайындауға (сайлауға) келісім беруден уәкілетті орган қатарынан екі рет бас тартқан жағдайда аталған тұлға осы жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері қызметіне оны сайлауға (тағайындауға) келісім беруден екінші рет бас тартқандығы туралы шешім қабылдаған күннен бастап соңғы он екі ай өткеннен кейін тағайындала (с а й л а н а) а л а д ы .

9. Мынадай негіздемелер:

1) негізінде келісім берілген күмәнді мәліметтерді анықтау;

2) уәкілетті органның басшы қызметкерге санкцияларды жүйелі түрде (соңғы қатарынан он екі айдың ішінде үш не одан астам рет) қолдануы бойынша уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері қызметіне сайлауға (тағайындауға) берілген келісімді қайтарып алуға құқылы.

Басшы қызметкердің қызметіне тағайындауға (сайлауға) келісуден уәкілетті орган бас тартқан жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры осы тұлғамен жасалған жеке еңбек ш а р т ы н б ұ з у ғ а м і н д е т т і .

10. Уәкілетті орган осы Заңмен белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорына консервациялау жүргізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қоры директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасарлары, бас бухгалтер болып табылатын басшы қызметкерлермен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға міндетті.";

б) 41-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

" 7) қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы н ы ң ;

акциялары Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметті жүзеге асыратын қор биржасының ең жоғарғы санатты тізіміне кіретін, қаржы ұйымдары болып

табылмайтын заңды тұлғалардың;

акциялары листингтен өткен және ең жоғарғы санат бойынша ұйымдасқан сауда алаңдарында айналымға жіберілген қаржылық емес ұйымдардың;

жинақтаушы зейнетақы қорын автоматтандыруды жүзеге асырушы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысудан басқа, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға.

Жоғарыда аталған заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.";

7) мынадай мазмұндағы 41-1-баппен толықтырылсын:

"41-1-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының еншілес ұйымдары және жинақтаушы зейнетақы қорының жарғылық капиталға қомақты қатысуы

1. Жинақтаушы зейнетақы қоры осы Заңның 41-бабының 3-тармағында аталған шектеулерді есепке ала отырып, еншілес ұйымдарды құруға немесе уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда ғана басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беру тәртібін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері айқындайды.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорының еншілес ұйымы еншілес ұйымдарды құруға құқылы емес.

Жинақтаушы зейнетақы қорының еншілес ұйымы өзінің толық атауында "еншілес" деген сөзді көрсетуге және сабақтас жинақтаушы зейнетақы қорының атауын пайдалануға міндетті.

3. Жинақтаушы зейнетақы қоры соңғы екі аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша ішінде оның шығынды қызметі болған және рұқсат алу үшін уәкілетті органға өтініш берген күннің алдындағы үш айдың ішінде уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді сақтаған жағдайда еншілес ұйымды құруға құқылы.

4. Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат алу үшін жинақтаушы зейнетақы қоры мынадай құжаттарды:

1) еншілес ұйымның құрылтайшы құжаттарын, жарғыны бекіту туралы хаттамаларды;

2) ашық жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органының еншілес ұйымды құру немесе сатып алу туралы шешімді;

3) еншілес ұйымның басшы қызметкерлері туралы ақпаратты;

4) еншілес ұйымды ұйымдық құрылымын және аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтерді;

5) бизнес-жоспарды бере отырып, еншілес ұйым қызметінің түрі немесе түрлері туралы ақпаратты;

6) сатып алынатын еншілес ұйымның жарияланған (тіркелген), төленген жарғылық капиталының мөлшері туралы (егер мұндай ақпарат аудиторлық қорытындыда болмаса), сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қорының сатып алынатын еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі мен сомасы туралы ақпаратты;

7) еншілес ұйымды сатып алу талаптары мен тәртібі туралы мәліметтерді;

8) аудиторлық ұйымның есебін және аудиторлық ұйым куәландырған сатып алынатын еншілес ұйымның қаржылық есебін;

9) сатып алынатын еншілес ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесін;

10) оның жарғылық капиталына қатысуы арқылы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры еншілес ұйымды сатып алған заңды тұлға туралы деректерді, оған қоса:
заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері;

ашық жинақтаушы зейнетақы қорының заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі мен сомасы туралы мәліметтер;

заңды тұлғаның ашық жинақтаушы зейнетақы қоры сатып алатын еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі мен сомасы туралы мәліметтер;

11) еншілес ұйымға жасалатын бақылауды және бақылау жасау негіздерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, еркін нысандағы өтінішті уәкілетті органға б е р е д і .

5. Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беруден бас тарту үшін:

1) рұқсат алу үшін қажет құжаттарды бермеу;

2) еншілес ұйым басшы қызметкерлерінің (немесе басшы қызметкерлер қызметіне тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттардың) осы Заңның 34-бабының 6-тармағы 1), 3), 4) тармақшаларының талаптарына сәйкессіздігі;

3) жинақтаушы зейнетақы қорының рұқсат алу үшін уәкілетті органға өтініш берген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде және өтінішті қараған кезеңде белгіленген пруденциалдық нормативтерді сақтамауы;

4) еншілес ұйымдардың болжалды болуының нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қорының пруденциалдық нормативтерді сақтамауы;

5) өтініш берген күнге жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты қолданылып жүрген шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялардың болуы;

6) жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйінің болжамды нашарлауы және (немесе) еншілес ұйым қызметінің немесе жинақтаушы зейнетақы қоры жоспарлаған инвестициялардың салдарынан жинақтаушы зейнетақы қоры клиенттерінің мүдделеріне зиян келтіру негіздеме болып табылады.

6. Уәкілетті орган өтініш бергеннен кейін үш айдың ішінде рұқсат беруге немесе рұқсат беруден бас тартуға міндетті.

Рұқсат беруден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган бас тартудың негіздемелері туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлауға міндетті.

7. Жинақтаушы зейнетақы қорының еншілес ұйымы құрылтайшы құжаттарға енген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

8. Уәкілетті орган рұқсат алмаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының үш айлық мерзімде сақтандыру тобының құрамына кірмейтін тұлғаларға оларға тиісті еншілес ұйымдардың акцияларын (қатысу үлесін) иелігінен алуға не еншілес ұйым қабылдаған шешімдерді айқындау мүмкіндігінен бас тартуға және уәкілетті органға растайтын құжаттарды беруге міндетті.

9. Ұйымдардың жарғылық капиталына жинақтаушы зейнетақы қорының қомақты қатысуына рұқсат беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалған тәртіппен белгіленеді.

Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына жинақтаушы зейнетақы қорының қомақты қатысуына рұқсат алу үшін өтініш осы баптың 4-тармағының 2), 3), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген құжаттардың қосымшаларымен бірге беріледі.

Осы баптың 5-тармағында көзделген негіздемелер бойынша жарғылық капиталға қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тартылады.";

8) 4 2 - б а п :

1-1-тармақ мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) жинақтаушы зейнетақы қорының жүргізілген аудит туралы аудиторлық ұйымның есебінде аталған жөнсіздіктерді осы Заңның 49-2-бабының 2-тармағында көрсетілген мерзімде жоймауы;" ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында келтірілген шаралар, егер уәкілетті орган ірі қатысушылардың, олардың лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің жөнсіздіктері, заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі ашық жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайын нашарлатқандығын белгілесе, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қорларының ірі қатысушыларына қатысты қолданыла алады.";

9) мынадай мазмұндағы 42-7-баппен толықтырылсын:

"42-7-бап. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына қолданылатын мәжбүрлеу шаралары

1. Уәкілетті орган ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына м ы н а д а й :

1) ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға уәкілетті органның келісімін алмау;

2) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алғаннан кейін осы Заңның 36-2-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайлардың т у ы н д а у ы ;

3) осы Заңның 42-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті органның жазбаша ұ й ғ а р ы м д а р ы н о р ы н д а м а у ;

4) нәтижесінде ашық жинақтаушы зейнетақы қорына зиян келтірілген ашық

жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушысының іс-әрекет жасауы;

5) нәтижесінде ашық жинақтаушы зейнетақы қорына зиян келтірілген ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушысының тұрақсыз қаржылық жағдайы;

6) ашық жинақтаушы зейнетақы қоры мен оның ірі қатысушысы арасында осы Заңда көзделген қадағалау функцияларын уәкілетті органның жүзеге асыруына кедергі келтіретін қатынастардың болу жағдайларында мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар болған кезде, уәкілетті орган:

1) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысынан ашық жинақтаушы зейнетақы қорындағы оның тікелей немесе жанама иемдену үлесін дауыс беретін акциялардың он процентінен төмен деңгейге дейін азайтуды не ашық жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін басқаруға тікелей немесе жанама қатысудан, оның ішінде дауыс құқығын жүзеге асырудан бас тартуды талап етуге;

2) ашық жинақтаушы зейнетақы қоры қатысушы болып табылатын ұйымға қатысты, ашық жинақтаушы зейнетақы қорынан ашық жинақтаушы зейнетақы қорын оның және ашық жинақтаушы зейнетақы қорының арасындағы тәуекелге тартатын операцияларды (тікелей және жанама) жүзеге асыруды тоқтата тұруды талап етуге;

3) ашық жинақтаушы зейнетақы қорынан өзінің иемдену немесе еншілес ұйымға немесе олардың жарғылық капиталына ол қомақты түрде қатысатын ұйымдарға бақылау жасау үлесін айыруды талап етуге құқылы.

3. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы уәкілетті орган белгілеген мерзімнің ішінде осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 49-2-бабының 2-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда уәкілетті орган белгілеген мерзім ішінде сенімгерлік басқарушы ретінде уәкілетті органның ашық жинақтаушы зейнетақы қорының басқаруына қатысу құқығымен үш айға дейінгі мерзімде уәкілетті органға сенімгерлік басқаруға ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушысының акцияларын беру жөнінде ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлерімен шарт жасау туралы шешім қабылдауға құқылы.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзімде сенімгерлік басқаруға акцияларды беру үшін негіздемелерді жою кезінде уәкілетті орган сенімгерлік басқаруда болып табылатын акцияларды иелігінен айыруды бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында осы акцияларды сату жолымен жүзеге асыруға құқылы. Осы акцияларды сатудан түскен ақша акциялары өкілетті органға сенімгерлік басқаруға берілген тұлғаларға аударылады.

Акционерлер сенімгерлік басқаруға акцияларын беруден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган шарт жасаудың қажеттілігі туралы талаппен сотқа өтініш жасауға құқылы.

4. Мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.";

10) 45-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ерікті таратылатын жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясы қызметінің ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.";

1 1) 4 5 - 2 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Лицензиялары қайтарылып алынған жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті және өзге қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен көзделген шығыстарға байланысты жағдайлардан басқа, қолда бар банк шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатуға міндетті.";

6-тармақтың 4) тармақшасындағы "салық органдарының" деген сөздер "салық қызметі органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - т а р м а қ :

екінші бөліктегі "тағайындау" деген сөзден кейін "және босату" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорының мүлігін бағалауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тарату комиссиясы жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 7-1, 7-2-тармақтармен толықтырылсын:

"7-1. Жинақтаушы зейнетақы қорын таратуға байланысты барлық шығыстар осы баптың 7-2-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, осы жинақтаушы зейнетақы қорының қаражаты есебінен ғана жүргізіледі.

7-2. Жинақтаушы зейнетақы қоры мен тарату комиссиясының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушысының) құрамына енген уәкілетті орган қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге байланысты шығыстардан басқа, мәжбүрлеп таратудың негізі бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін тоқтату бойынша шығыстарды, сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы сот қабылдаған шешім жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспа басылымдарында жариялау бойынша шығыстарды және әділет органының мәжбүрлеп тарату негізі және жинақтаушы зейнетақы қорының мүлігі болмаған не егер оның құны осы шығыстардың орнын толтыруға жеткіліксіз болған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қорын таратуды аяқтағаннан кейін мұрағатқа сақтау үшін құжаттар беру бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеуге байланысты шығыстарды уәкілетті органның қаржыландыруына тыйым салынады.";

12) 45-3-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6), 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) тарату шығыстары сметасын қалыптастырудың және бекітудің ерекшеліктері

мен

тәртібін

белгілеуге;

7) тарату комиссияларының кассадағы қолма-қол ақшаны сақтау, қолма-қол ақшамен жасалатын кіріс және шығыс операцияларын жасау, касса құжаттарын жүргізу, қолма-қол ақшаның, касса қалдықтары лимиттерінің шығысын қамтамасыз ету, сондай-ақ тарату комиссиясының ағымдағы шотына қолма-қол ақшаны өткізу мерзімдері ережесін тарату комиссиясының орындауы жөніндегі талаптарды айқындауға.";

13) мынадай мазмұндағы 49-2-баппен толықтырылсын:

"49-2-бап. Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушысының және жинақтаушы зейнетақы қоры оған қомақты қатысатын заңды тұлғалардың аудиті

1. Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушылары үшін, сондай-ақ ашық жинақтаушы зейнетақы қоры оған қомақты қатысатын заңды тұлғалар үшін міндетті болады.

Аудиторлық ұйым ашық жинақтаушы зейнетақы қорының уәкілетті органға жылдық қаржылық есепті ұсыну үшін айқындалған мерзімде уәкілетті органға аудиторлық есептің көшірмесін беруге міндетті.

Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры аудиторлық есептің көшірмесін алғаннан кейін он күннің ішінде ашық жинақтаушы зейнетақы қоры оған қомақты қатысатын басқа заңды тұлғаларға беруі тиіс.

Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін аудиторлық ұйым куәландыруы тиіс.

2. Жинақтаушы зейнетақы қоры, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы, жинақтаушы зейнетақы қоры оған қомақты қатысатын заңды тұлға аудиторлық есепте көрсетілген жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жағдайына әсер ететін жөнсіздіктерді жоймаған жағдайда, аталған тұлғалар аудиторлық есепті алған күннен бастап үш айдың ішінде уәкілетті орган жөнсіздіктерді жойғанға дейін; жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты - осы Заңның 42-бабының 1-1-тармағы 5-1) тармақшасының негізінде зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметке берілген лицензияның қолданысын тоқтатуға;

ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына қатысты - осы Заңның 42-7-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

Осы есепті алған күннен бастап бір жылдың ішінде жөнсіздіктерді жоймаған жағдайда уәкілетті орган:

жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты - осы Заңның 42-бабы 1-4-тармағының негізінде жинақтаушы зейнетақы қорының лицензиясын қайтарып ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына қатысты - осы Заңның 42-7-бабының 3-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.";

14) мынадай мазмұндағы 49-3-баппен толықтырылсын:

"49-3-бап. Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының есебі

1. Заңды тұлға болып табылатын ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталған бойда тоқсан күн ішінде қаржылық есеп пен оның түсіндірме жазбасын уәкілетті органға жыл сайын беруі тиіс.

2. Жеке тұлға болып табылатын ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталған бойда тоқсан күн ішінде кіріс және мүлік туралы мәліметтер бар есепті, сондай-ақ:

1) олардың арасында жасалған шарт күшімен не басқаша түрде басқа тұлғалармен бірлесіп ашық жинақтаушы зейнетақы қоры қабылдаған шешімге ықпал етуді, оның ішінде осындай ықпал ету мүмкіндігін айқындайтын өкілеттіктерді бөлуден тұратын сипаттаманы олардың жүзеге асыруы туралы;

2) жарғылық капиталдарға (акцияларға) қатысудың оған тиісті үлесін көрсете отырып, олардың ұйымдарда атқаратын қызметтері туралы;

3) алынған заемдардың есебінен жарғылық капиталдарға (акцияларға) қатысудың оған тиісті үлесін сатып алу туралы;

4) жақын туыстары, жұбайы және ерінің (зайыбының) жақын туыстары туралы ақпаратты уәкілетті органға беруі тиіс.

Есеп берудің және нысандарының тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

3. Заңды тұлға болып табылатын ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушысының жылдық қаржылық есебінің түсіндірме жазбасында мынадай ақпарат:

1) ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушысының қызмет түрлерін с и п а т т а у ;

2) ірі қатысушы қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталына қатысу үлесінің мөлшері (тиісті акциялардың саны), қызмет түрі мен түрлерінің сипаты, ірі қатысушы қатысушысы (акционері) болып табылатын ұйымдардың қаржылық есебі;

3) ірі қатысушы қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталына қатысу үлесінің мөлшері (тиісті акциялардың саны), қызмет түрі мен түрлерінің сипаты және осы ұйымның қаржылық есебі, сонымен қатар аффилиирленген тұлғалар туралы, ірі қатысушыға бақылау жасауды жүзеге асырушы тұлғалар туралы, ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына бақылау жасайтын тұлғаның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы мәліметтер көрінуі тиіс."

11. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы N 304-1 Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 86-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 138 - құжат) :

18-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының уәкілетті органға жылдық қаржылық есепті ұсыну үшін айқындалған мерзімде уәкілетті органға жоғарыда аталған қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайы туралы аудиторлық есептің көшірмесін ұсынуға міндетті."

12. "Қаржы лизингі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 10, 247-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 25-құжат):

10-баптың бірінші бөлігі "Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын.

13. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын;

"сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аффилиирленген тұлғалары - "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабында айқындалған тұлға;

еншілес ұйым - оған қатысты басқа заңды тұлға бақылауға ие болатын заңды тұлға; капиталға қомақты қатысу - тікелей немесе жанама, дербес немесе бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп иемдену не дауыс беретін акциялардың (қатысушылар салымдарының) жиырма және одан астам процентімен дауыс беру мүмкіндігінің болуы ;

бақылау - мына жағдайлардың біреуі: дербес не бір немесе бірнеше тұлғамен бірлесіп дауыс беретін акциялардың елу процентінен астамымен бір заңды тұлғаны тікелей немесе жанама иемдену не басқа заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының елу процентінен астамымен дербес дауыс беру мүмкіндігінің болуы ;

бір заңды тұлғада директорлар кеңесі немесе басқа заңды тұлғаның басқармасы құрамының кемінде жартысын сайлау мүмкіндігінің болуы;

бір заңды тұлғаның қаржылық есебін аудиторлық есепке сәйкес басқа заңды тұлғаның қаржылық есебіне қосу;

бір заңды тұлғада басқа заңды тұлғаның қаржылық немесе шаруашылық қызметін айқындау мүмкіндігінің, заң күшімен, сондай-ақ өзге растайтын құжаттардың не басқаша айтқанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда болуы болған кезде туындайтын басқа заңды тұлғаның қаржылық немесе шаруашылық қызметін айқындау мүмкіндігі.

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын жанама иемдену (дауыс беру) - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болып бірлесе табылатын немесе басқаша, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалатын тәртіппен тұлғалардың біреуінің акцияларын иемдену (дауыс беру);

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы - жеке немесе заңды тұлға - уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының он немесе одан астам процентін тікелей немесе жанама иемдене алатын немесе:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының он немесе одан астам процентімен тікелей немесе жанама дауыс беру;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қабылдаған шешіміне шарт күшімен не басқаша, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалатын тәртіппен ықпал ету мүмкіндігі бар Қазақстан Республикасының резиденті немесе резидент емесі (мемлекет осындай иесі болып табылатын жағдайлардан басқа);

заңды тұлғаның ірі қатысушысы - жеке немесе заңды тұлға - мемлекет осындай иесі болып табылатын жағдайлардан басқа, дауыс беретін акциялардың (қатысушы салымдарының) он немесе одан астам процентін тікелей немесе жанама иемденетін Қазақстан Республикасының резиденті немесе резидент емесі;

"сабақтас ұйым - басқа заңды тұлғаға бақылау жасайтын заңды тұлға";

2) 20-бап мынадай мазмұндағы 7, 8-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Қаржы жылының қорытындылары бойынша аудит жүргізу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма және одан астам процентін иемденетін (дауыс беру құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары үшін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы оған қомақты қатысатын заңды тұлғалар үшін міндетті болады.

Аудиторлық ұйым сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының уәкілетті органға жылдық қаржылық есепті ұсыну үшін айқындалған мерзімде уәкілетті органға аудиторлық есептің көшірмесін ұсынуға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы аудиторлық есептің көшірмесін алғаннан кейін он күннің ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы оған қомақты қатысатын басқа заңды тұлғаларға оны беруі тиіс.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін аудиторлық ұйым куәландыруы тиіс.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін иемденетін (дауыс беру құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы оған қомақты қатысатын заңды тұлға аудиторлық есепте көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының

қаржылық жағдайына әсер ететін жөнсіздіктерді бұзған жағдайда, аталған тұлғалар аудиторлық есепті алған күннен бастап үш айдың ішінде, уәкілетті орган жөнсіздіктерді жойғанға дейін:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты - осы Заңның 54-бабының 1-тармағы 8-1) тармақшасының негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лицензиясының қолданысын тоқтата тұруға;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін иемденетін (дауыс беру құқығы бар) ірі қатысушыға қатысты - осы Заңның 53-1-бабының 2-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.

Осы есепті алған күннен бастан бір жыл ішінде жөнсіздіктерді жоймаған жағдайда уәкілетті орган:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты - осы Заңның 55-бабының 1-тармағы 1) тармақшасының негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лицензиясын қайтарып алуға;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентін иемденетін (дауыс беру құқығы бар) ірі қатысушыға қатысты - осы Заңның 53-1-бабының 3-тармағында көзделген шараларды қолдануға құқылы.";

3) 25 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құрған кезде заңды тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын дұрыс меншікті капиталы болған кезде ғана сатып алады. Мұндай шектеу жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық қорларға қолданылмайды.";

3-тармақ алып тасталсын;

4) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушы

1. Бір де бір тұлға дербес немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) бірлесіп уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болып табыла алмайды, Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалары тізбесін уәкілетті орган белгілеген негізгі рейтингтік агенттіктердің біреуінің ең төменгі талап етілетін рейтингі болғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алуға уәкілетті органның келісімін ала алады. Ең төменгі рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері белгілейді.

2. Ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім беру, қайтарып алу, аталған келісімді алу үшін берілетін құжаттарға қойылатын талаптардың тәртібін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері айқындайды.

3. Келісім алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болғысы келетін тұлға осы баптың 4, 5, және 6-тармақтарында айқындалған құжаттар мен мәліметтердің қосымшасымен бірге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алу туралы өтінішті уәкілетті органға беруге міндетті.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент немесе резидент емес жеке тұлғасы мынадай құжаттарды :

1) дерек көздерінің сипаттамасы мен акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын ақша сомасын қоса отырып, растайтын құжаттар көшірмелерінің қосымшасы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алудың шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді ;

2) өтініш иесі мүдделерінің ұсынуы тапсырылатын өтініш иесінің өкілі туралы мәліметтерді (бар болғанда) ;

3) онда ол ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімін және олардың құрылтайшы құжаттарын ;

4) білімі туралы, еңбек қызметі туралы, сондай-ақ сотталғандығының болуы туралы , сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын, қаржы, салық салу саласында құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы мәліметтерді қоса отырып, уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш иесі жөніндегі қысқа деректерді ;

5) Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталына қатысу осы елдің заңдарымен рұқсат етілгендігі туралы Қазақстан Республикасының резидент емес жеке тұлғасы тұратын елдің сәйкес мемлекеттік органының жазбаша растауын не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының көрсетілген құрылтайшы мемлекетінің заңдары бойынша мұндай рұқсат қажет еместігі туралы өтінішті береді .

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы мынадай құжаттарды :

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу туралы өтініш иесінің жоғарғы органы шешімінің көшірмесін ;

2) осы баптың 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды ;

3) құрылтайшы құжаттардың нотариатта куәландырылған көшірмелерін, өтініш иесінің ірі қатысушылары, сондай-ақ өтініш иесі ірі қатысушыларының ірі қатысушылары, туралы қысқа деректерді ;

4) білімі туралы, еңбек қызметі туралы, сондай-ақ сотталғандығының болуы туралы , сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын, қаржы, салық салу саласында құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы мәліметтерді

қоса отырып, уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш иесінің басшы қызметкері жөніндегі қысқа деректерді;

5) аудиторлық ұйым куәландырған соңғы аяқталған екі қаржы жылындағы жылдық қаржылық есепті, сондай-ақ сәйкес өтінішті берер алдындағы соңғы аяқталған тоқсандағы қаржылық есепті;

6) сатып алғаннан кейін өтініш иесінің болжалды есеп айырысу балансын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін сату сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қайта ұйымдастыру немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметіне немесе басқаруына елеулі өзгерістер енгізу бойынша, егер ондайлар бар болса, өтініш иесінің жоспарлары мен ұсыныстарын қоса отырып іс-шаралар жоспары мен ұйымдастыру құрылымын қоса отырып), ірі қатысушы мәртебесін сатып алу салдарының қаржылық болжамын береді.

6. Ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасы мынадай құжаттарды:

1) осы баптың 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында, 5-тармағының 1), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық рейтинг агенттіктерінің біреуіне берілген заңды тұлғаның кредит рейтингі туралы мәліметтерді береді.

7. Ірі қатысушы мәртебесін сатып алуға келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резидент емес қаржы ұйымы мынадай құжаттарды:

1) осы баптың 6-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) өтініш иесі осы ел заңдарының шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті екендігі туралы өтініш иесі шыққан елдің қаржылық қадағалау органының жазбаша растауын не өтініш иесі шыққан елдің қаржылық қадағалау органының мұндай рұқсат осы елдің заңдары бойынша қажет емес екендігі туралы өтінішін береді.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болып бірлесе табылатын тұлғалар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының он немесе одан астам процентпен дауыс беретін акциясын тікелей немесе жанама иемденетін сомадағы немесе мүмкіндігі бар және:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шешіміне олардың арасындағы шарт күшінде немесе басқаша түрде бірлесіп ықпал етуші;

2) жекелей немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушысы болып табылушылар;

3) олардың біреуі лауазымды тұлға немесе басқа тұлғаның өкілі болып табылатын;

4) олардың біреуі басқа тұлғаға олардың арасында жасалған шартқа сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген;

5) олар жақын туыстар немесе ерлі-зайыптылар болып табылатын тұлғалар т а н ы л а д ы .

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы банктер және банк қызметі туралы

заңдардың талаптарына сәйкес банк конгломератына кірген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шоғырландырылған қадағалауға жатады.

9. Осы баптың талаптарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін алу үшін берілген өтініш бойынша шешімді құжаттардың толық пакетін берген күннен бастап үш ай ішінде уәкілетті орган қабылдауы тиіс.

10. Уәкілетті орган соның негізінде келісім күмәнді мәліметтерді анықтаған немесе осы Заңның талаптарын ірі қатысушылар сақтамаған жағдайда, осы бапқа сәйкес берілген келісімді қайтарып алуға құқылы. Мұндай жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталына өзінің қатысу үлесін Заңның осы бабымен төмен белгіленген деңгейге дейін қысқартуға немесе өзінің тікелей немесе жанама дауыс беру құқығын қолдануды қоса отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшылығына немесе қызметіне ықпал етуді (немесе ықпал етуге тырысуды) тоқтату жөнінде өзіне міндеттеме алуға міндетті.

11. Уәкілетті органның келісімін міндетті түрде алу қажеттілігі туралы осы баптың талаптары тұлға оған қатыссыз себептер бойынша ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы белгісіне сәйкес болған не кепілі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акциялары болып табылған борыштық міндеттемелер бойынша салынған мүліктің оған көшуінің нәтижесінде осы баппен белгіленген шекке тең немесе одан асатын сандағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын меншігіне алған жағдайларға қолданылмайды.

Көрсетілген жағдайларда ірі қатысушы белгісіне сәйкес тұлға акцияларды сатып алған немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы белгісіне оның сәйкестігі және басшылыққа немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының саясатына ықпал етуге бағытталған ешқандай іс-қимылдарды жасамау немесе осы баптың қосымшасына сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімін ол алмайынша осындай жолмен сатып алған акциялармен дауыс беру керекті оған белгілі болған кезден бастап отыз күн ішінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Сәйкес мәртебені сатып алу туралы өтініш уәкілетті органға акцияларды сатып алған кезден бастап не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы белгісіне оның сәйкестігі оған белгілі болған кезден бастап, егер бұл тұлға көрсетілген мерзімде акцияларды иелігінен алғысы келмесе, алпыс күннің ішінде уәкілетті органға беріледі. Акцияларды иелігінен алу туралы шешімнің қабылданғаны жөніндегі ақпарат оларды сатып алған күннен бастап алпыс күннің ішінде осындай шешімді қабылдаған күннен бастап дереу уәкілетті органға беріледі.

12. Уәкілетті орган, егер ірі қатысушы белгісіне немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акцияларының тікелей, жанама иелеріне тұлғаның сәйкес келетіндігін көрсететін мәліметтер оған белгілі болса немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын тікелей, жанама иемденуші болып табылса немесе

келісімнің негізінде немесе басқаша түрде осы Заң талаптарына сәйкес уәкілетті органның келісімінсіз осы баппен белгіленген шектерге тең немесе одан асатын мөлшердегі ашық жинақтаушы зейнетақы қорының акцияларымен дауыс беру мүмкіндігі бар жеке және заңды тұлғалардан ақпарат беруді талап етуге құқылы. Ақпарат кез келген тұлғадан, сонымен қатар осы тұлғалардың бақылауында болып табылатын ұйымнан талап етіле алады.

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күндер мерзімде ол тікелей немесе жанама иемденетін немесе растайтын құжаттарды бере отырып тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар ашық жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беретін акцияларын өзгерту туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акцияларының жарғылық капиталға қатысу үлесін көрсете отырып, барлық өзінің ірі қатысушыларының тізімін есепті тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей уәкілетті органға тоқсан сайын беруге міндетті.

15. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының он және одан астам процентін иемденетін акционерлер құрамының өзгеруі туралы осы деректі олардың белгілеген күнінен бастап он бес күнтізбелік күннің ішінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

16. Көрсетілген мерзімдерде осы баптың 11, 12, 13, 14 және 15-тармақтарына сәйкес талап етілетін ақпаратты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың уақтылы бермеуі, бермеуі немесе күмәнді, мәліметтерді беруі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапқа тартылады.

26-1-бап. Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болуға тілек білдіруші тұлғаларға рұқсат беруінен бас тарту үшін негіздеме

1. Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы болуға тілек білдіруші тұлғаларға рұқсат беруінен бас тартуға мыналар:

1) осы Заңның 26-бабында көрсетілген құжаттарды бермеу;
2) осы Заңның 34-бабының 2-тармағы 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын сақтамау (жеке тұлғаға немесе өтініш берушінің басшы қызметкерлеріне - заңды тұлғаға қатысты);

3) өтініш берушінің тұрақсыз қаржылық жағдайы;
4) өтініш берушінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алуы нәтижесінде монополияға қарсы заңдардың талаптарын бұзу;
5) оффшорлық аймақта тіркелген тұлға (оның аффилиирленген тұлғасы) немесе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалардың

қатысушысы (құрылтайшысы, акционері) болып табылатын жеке тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алу жөніндегі мәміледегі тараптардың біреуі болып табылатын жағдай;

б) өтініш иесі қаржы ұйымы өзінің тұратын елінде шоғырландырылған негіздегі қадағалауға жатпайтын жағдайлар;

7) өтініш иесінің осы Заңмен белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтайшылары мен акционерлеріне қойылатын өзге талаптарды сақтамауы;

8) өтініш иесінің қаржылық болжамы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының нашарлайтындығын болжауы;

9) өтініш иесінде - Қазақстан Республикасының резидент емес қаржы ұйымында шыққан елі заңдарының шеңберіндегі қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктердің болмауы;

10) өтініш иесінде - Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасында тізбесін уәкілетті орган айқындайтын халықаралық рейтингтік агенттіктердің біреуінің ең төменгі қажетті рейтингінің болмауы негіздеме болып табылады.

2. Өтініш иесінің тұрақсыз қаржылық жағдайының белгісі мыналардың біреуі:

1) заңды тұлғаның - өтініш иесінің өтініш берген күнге дейін кемінде екі жылдың ішінде құрылуы;

2) өтініш беруші міндеттемелерінің акцияда орналастырылған активтердің сомасын және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесі мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алуға болжалданған активтерін шегере отырып, оның активтерінен асуы;

3) аяқталған екі қаржылық жылдың нәтижелері бойынша шығындар;

4) өтініш беруші міндеттемелері мөлшерінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жай-күйіне арналған елеулі тәуекелді ұсынуы;

5) өтініш берушінің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдындағы мерзімі өткен және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының балансына жатқызылған берешегінің болуы;

б) өтініш иесінің қаржылық болжамы өтініш иесінің қаржылық жағдайының нашарлайтындығын болжауы;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) оның клиентіне зиян келтіру мүмкіндігі жөнінде куәландыратын өзге негіздемелер бойынша болып табылады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушы мәртебесіне тұлға келісім алмағанда уәкілетті орган осы Заңның 53-1-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын осы тұлғаға қолдануға құқылы.";

б) 27 - бапта :

1 - тармақта :

4) тармақшадағы "бухгалтерлік баланстар, аяқталған соңғы екі қаржы жылындағы және құжаттар берілерден бұрынғы тоқсанның аяғындағы кірістері мен шығыстары туралы есептер; аяқталған соңғы қаржы жылындағы қаржылық есепті тексеру туралы аудиторлық қорытынды" деген сөздер "аудиторлық ұйым куәландырған аяқталған соңғы екі қаржы жылындағы қаржылық есеп, бухгалтерлік баланс және құжаттар берілерден бұрынғы тоқсанның аяғындағы кірістері мен шығыстары туралы есеп" деген сөздермен ауыстырылсын;

5), 6) және 6-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) дереккөздердің сипаты мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру үшін пайдаланылған ақша сомасын қоса отырып, құрылтайшылар (мұндай құрылтайшылар болған жағдайда) - жеке тұлғалар туралы мәліметтер, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге қылмысы үшін белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған сотталғандығының болуы туралы анықтама;

6) актуариймен куәландырылған және "жалпы сақтандыру" саласында құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін жақын арадағы үш жылда және "өмірді сақтандыру" саласында құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін бес жылда әзірленген бизнес-жоспар. Бизнес-жоспарда мынадай мәселелер көрсетілуі тиіс: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құрудың мақсаттары, қызметтің негізгі бағыттарын қысқаша сипаттау және құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бағдарлайтын нарық сегменті (нарықтың көлемі, әлуетті сақтанушылар, географиялық орны), құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы және нарықтағы үлесі, өнімдердің және қызметтің түрлері туралы ақпарат, оларды сатудың тәсілдері, маркетингтік зерттеу, сақтандыру андеррайтингі, баға стратегиясы, өнімдерді жылжыту стратегиясы (жарнама, тікелей сатулар, почта, интернет, сатуды жылжыту және басқалар), сақтандыру өнімдерін бөлу, қаржы жоспары, инвестициялық саясат пен құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таяудағы үш жылда жүргізуге ниеттеніп отырған қайта сақтандыру саясаты, ұйымдастыру құрылымы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы құратын директорлар кеңесі, мамандар білімінің болжалды деңгейі;

6-1) осы Заңның 34-бабының талаптарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлерімен, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басқармасының кемінде үш мүшесімен келісуге арналған құжаттар";
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың 1-тармағында атап көрсетілген құжаттармен қатар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесіне сәйкес санда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алуға ниетті тұлға осы Заңның 26-бабында көзделген құжаттар мен мәліметтерді береді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат беру тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1), 4), 5), 6) және 6-1) тармақшаларында аталған құжаттардың мазмұнына оның ішінде сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібі мен олардың экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері айқындайды." ;

6-тармақтағы "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 28-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4), 5), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын :

"4) аяқталған соңғы екі қаржы жылындағы құрылтайшының шығынды қызметі;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы құрған басшы қызметкерлер лауазымына кандидаттардың осы Заңның 34-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

6) уәкілетті органның осы Заңның 26-1-бабында көрсетілген негіздемелер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін сатып алуға рұқсат беруден бас тартуы ;

7) экономикалық қызмет саласында жасаған қылмысы, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге қылмысы үшін белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған сотталғандығының құрылтайшыда-жеке тұлғада болуы." ;

8) мынадай мазмұндағы 32, 33, 34-баптармен толықтырылсын:

"32-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдары және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталға қомақты түрде қатысуы

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы Заңның 48-бабының 1-тармағында аталған шектеулерді есепке ала отырып, еншілес ұйымдарды құруға немесе уәкілетті органның рұқсаты болған жағдайда ғана басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы .

Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беру тәртібін, басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуды осы баптың талаптарын есепке ала отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері айқындайды.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымы еншілес ұйымдарды құруға және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға құқылы емес .

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің толық атауында "еншілес" деген сөзді көрсетуге және сабақтас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауын пайдалануға міндетті .

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы - Қазақстан Республикасының резидентті , егер соңғы екі жыл ішіндегі шығындар (олар болғанда) уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асып кетпеген және өтініш берген күнге дейін соңғы үш ай ішінде

пруденциалдық нормативтерді сақтаған жағдайда, еншілес ұйымды құруға немесе с а т ы п а л у ғ а қ ұ қ ы л ы .

4. Еншілес ұйымды құруға, сатып алуға рұқсат алу үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мынадай құжаттарды:

1) еншілес ұйымның құрылтайшы құжаттарын, жарғыны бекіту туралы х а т т а м а л а р д ы ;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органының еншілес ұйымды құру немесе сатып алу туралы шешімді;

3) еншілес ұйымның басшы қызметкерлері туралы ақпаратты;

4) еншілес ұйымды ұйымдық құрылымын және аффилиирленген тұлғалар туралы м ә л і м е т т е р д і ;

5) бизнес-жоспарды бере отырып, еншілес ұйым қызметінің түрі немесе түрлері т у р а л ы а қ п а р а т т ы ;

6) еншілес ұйымды сатып алу талаптары мен тәртібі туралы мәліметтерді;

7) сатып алынатын еншілес ұйымның жарияланған (тіркелген), төленген жарғылық капиталының мөлшері туралы (егер мұндай ақпарат аудиторлық қорытындыда болмаса), сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сатып алынатын еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі мен сомасы туралы ақпаратты;

8) сатып алынатын еншілес ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткендігі туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесін;

9) аудиторлық ұйымның есебін және аудиторлық ұйым куәландырған сатып алынатын еншілес ұйымның қаржылық есебін;

10) оның жарғылық капиталына қатысуы арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы еншілес ұйымды сатып алған заңды тұлға туралы деректерді, оған қоса:

заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі мен сомасы туралы мәліметтер;

заңды тұлғаның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сатып алатын еншілес ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесі мен сомасы туралы мәліметтер;

11) ішкі бақылау және тәуекелді басқару, оның ішінде еншілес ұйымның қызметімен байланысты тәуекелдерге қатысты жүйелердің болуын растайтын қ ұ ж а т т а р д ы ;

12) еншілес ұйымға жасалатын бақылауды және бақылау жасау негіздерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, еркін нысандағы өтініші уәкілетті органға б е р е д і .

5. Еншілес ұйымды құруға немесе сатып алуға рұқсат беруден бас тарту үшін:

1) рұқсат алу үшін қажет құжаттарды бермеу;

2) еншілес ұйым басшы қызметкерлерінің (немесе басшы қызметкерлер қызметіне тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттардың) осы Заңның 34-бабының

2-тармағы 3), 4), 5) тармақшаларының талаптарына сәйкессіздігі;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының рұқсат алу үшін уәкілетті органға өтініш берген күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде және өтінішті қараған кезеңде белгіленген пруденциалдық нормативтерді сақтамауы;

4) еншілес ұйымдардың болжалды болуының нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерді сақтамауы;

5) өтініш берген күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты қолданылып жүрген шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялардың болуы;

6) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің бар екендігін растайтын, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты құжаттардың ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын уәкілетті органның талаптарына сәйкессіздігі;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жай-күйінің болжамды нашарлауы және (немесе) еншілес ұйым қызметінің немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жоспарлаған инвестициялардың салдарынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы клиенттерінің мүдделеріне зиян келтіру негіздеме болып табылады.

6. Уәкілетті орган өтініш бергеннен кейін үш айдың ішінде рұқсат беруге немесе рұқсат беруден бас тартуға міндетті.

Рұқсат беруден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган бас тартудың негіздемелері туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлауға міндетті.

7. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымы құрылтайшы құжаттарға енген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

8. Уәкілетті орган рұқсат алмаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үш айлық мерзімде олармен аффилиирленбеген тұлғаларға оларға тиісті еншілес ұйымдардың акцияларын (қатысу үлесін) иелігінен алуға не еншілес ұйым қабылдаған шешімдерді айқындау мүмкіндігінен бас тартуға және уәкілетті органға растайтын құжаттарды беруге міндетті.

9. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат алу үшін өтініш осы баптың 4-тармағының 2), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың қосымшаларымен бірге беріледі.

Осы баптың 5-тармағында көзделген негіздемелер бойынша ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тартылады.

10. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің бар екендігін растайтын, оның ішінде еншілес ұйымның қызметіне байланысты тәуекелдерге қатысты құжаттардың ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын уәкілетті органның талаптарына сәйкессіздігі ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

33-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерін құру, жабу

1. Қазақстан Республикасының резидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның келісімінсіз сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі шешімінің негізінде өзінің аумақтық бөлімшелерін: филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы әділет органдарында өзінің филиалы мен өкілдігін есепке алып тіркеген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде олардың ашылғандығы туралы мыналарды:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктердің есепке алып тіркелгендігі туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмелерін;

2) тіркеген әділет органының белгісі мен мөрі бар филиал немесе өкілдік туралы ереженің нотариатта куәландырылған көшірмелерін;

3) филиалдың немесе өкілдіктің бірінші басшысына берілген сенімхаттың нотариатта куәландырылған көшірмелерін қоса бере отырып, уәкілетті органға жазбаша хабарлауға міндетті.

3. Филиал - заңды тұлға болып табылмайтын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тұратын жерінен тыс орналасқан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан сақтандыру қызметін жүзеге асыратын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының оған берген өкілдіктерінің шегінде жұмыс істейтін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бөлімшесі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен бірыңғай баланс, сонымен қатар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауымен толық сәйкес келетін атау болады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігі - заңды тұлға болып табылмайтын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тұратын жерінен тыс орналасқан, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан және тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін және сақтандыру қызметін жүзеге асырмайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бөлімшесі.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарын ашудың міндетті шарттары:

1) соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша, "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымдарынан басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығынсыз қызметі;

2) әділет органдарында филиалды есепке алып тіркеген күннің алдындағы үш айдың ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерді сақтауы;

3) әділет органдарында филиалды есепке алып тіркеген күннің алдындағы үш айдың ішінде уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына

санкцияларды қолданбауы болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының резидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы соңғы аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығынсыз қызметі болған жағдайда өкілдіктерін ашуға құқылы.

7. Филиал, өкілдік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде Қазақстан Республикасының резидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұжымы әділет органдарында есепке алып тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде осы құжаттардың нотариатта куәландырылған көшірмелерін уәкілетті органға беруі тиіс.

8. Қазақстан Республикасының резиденті сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде филиалдары мен өкілдіктерін ашқан жағдайда мемлекеттің тиісті органында тіркелген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде мемлекеттің тиісті органындағы тіркеуді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, уәкілетті органға олардың ашылғандығы туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

9. Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның келісімін алмай өз өкілдігін ашуға құқылы.

10. Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігі әділет органдарында есепті тіркелген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігін есепке алып тіркеу туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесін;

2) тіркеген әділет органының белгісі мен мөрі қойылған өкілдік туралы ереженің нотариатта куәландырылған көшірмесін;

3) тиісті мемлекеттің сақтандыруды қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру қызметіне қолданылып жүрген лицензиясы бар екендігі туралы жазбаша растауын не жазбаша растауды беру Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы шыққан елінің заңдарында көзделмегені туралы сақтандыруды қадағалау органының өтініші;

4) тиісті мемлекеттің сақтандыруды қадағалау органының Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігін ашуға қарсы емес екендігі туралы жазбаша хабарламасын не тиісті мемлекеттің сақтандыруды қадағалау органының немесе беделі бар заң қызметінің Қазақстан Республикасының резиденті емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мемлекетінің заңдары бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіндігі туралы өтінішті қоса бере отырып ашылғандығы туралы уәкілетті органға жазбаша

х а б а р л а у ғ а

т и і с ;

5) сақтандыру ұйымының өкілдігі басшысының атына нотариатта куәландырылған сенімхатты уәкілетті органға ұсынуы тиіс.

11. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын ашуға тыйым салынады.

12. Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігі әділет органдарында есепті тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде өкілдік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізгені туралы уәкілетті органға осы құжаттардың нотариатта куәландырылған көшірмелерімен қоса хабардар етуге міндетті.

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің филиалы мен өкілдігін әділет органдарында (филиалдың немесе өкілдіктің қызметі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тоқтаған жағдайда - тиісті мемлекеттің тіркеу органдарында) есепке алып тіркеуден шығарған күннен бастап он төрт жұмыс күші ішінде әділет органының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын және/немесе өкілдігін есепке алып тіркеуден шығарғанын растайтын құжаттың нотариатта куәландырылған көшірмесін қоса бере отырып, олардың қызметін тоқтатқаны туралы уәкілетті органды ж а з б а ш а х а б а р д а р е т у і т и і с .

14. Осы баптың 2, 5, 6, 7, және 8, 10, 12-тармақтарының талаптары орындалмаған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының резиденті - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын және/немесе өкілдігін және Қазақстан Республикасының резиденті емес - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өкілдігін жабуды талап етуге құқылы.

34-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері, басқарманың бірінші басшысы мен мүшелері, бас бухгалтер және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін және (немесе) оған бақылау жасайтын және солардың негізінде сақтандыру және/немесе инвестициялық қызмет жасалатын құжаттарға қол қою құқығына ие сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге басшылары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлері болып т а б ы л а д ы .

Бірінші басшы және оның орынбасарлары, бас бухгалтер сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлері болып табылады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің басшы қ ы з м е т к е р і б о л ы п :

1) жоғары білімі жоқ;

кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) реттеу саласында кемінде бір жыл жұмыс стажының болуы қажет;

Тәуелсіз директорды қоспағанда, директорлар кеңесінің бірінші басшы және мүшелері лауазымына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) реттеу саласында жұмыс стажы қажет емес.

Осы тармақта айқындалған жұмыс стажына шаруашылық қызметін жүзеге асыруға байланысты қаржы ұйымының бөлімшелерінде істелген жұмыс кірмейді.

5. Басшы қызметкер уәкілетті органның келісімінсіз өз лауазымында ол тағайындалған (сайланған) күннен бастап алпыс күнтізбелік күннен астам емес болуға қ ұ қ ы л ы .

Осы тармақта көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін және уәкілетті органның келісуіне құжаттарды ұсынбаған жағдайда не уәкілетті орган келісуден бас тартқан жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру брокері осы адаммен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға міндетті.

6. Уәкілетті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерін және сақтандыру брокерін тағайындауға (сайлауға) келісімін беру тәртібі, келісімді алуға қажетті құжаттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен б е л г і л е н е д і .

7. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкері, сақтандыру брокері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартқан не оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкері, сақтандыру брокері лауазымынан босатқан немесе осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, осы сақтандыру брокерінде өзге лауазымға аударылған жағдайда осы тұлға оны сайлауға (тағайындауға) келісім беруден бас тарту не оны босату, не басқа лауазымға аудару туралы шешім қабылданған күннен бастап тоқсан күнтізбелік күн өткеннен кейін осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басшы қызметкерінің, осы сақтандыру брокерінің лауазымына қайта тағайындалуы (сайлануы) мүмкін, бірақ он екі ай ішінде екі реттен астам емес.

8. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкері, сақтандыру брокері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім беруден қатарына екі рет бас тартқан жағдайда, осы тұлға уәкілетті орган оны осы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, осы сақтандыру брокерінде сайлауға (тағайындауға) келісім беруден екінші рет бас тарту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап он екі ай өткеннен кейін осы кандидат сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкері, сақтандыру брокері болып тағайындалуы мүмкін.

9. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкері, сақтандыру брокері лауазымына тағайындауға (сайлауға) мынадай негіздер бойынша:

- 1) солардың негізінде келісім берілген күмәнді мәліметтер анықталғанда;
- 2) уәкілетті органның басшы қызметкерге жүйелі түрде санкциялар қолданғанда (

қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде үш және одан да астам мәрте).

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін қайтарып алған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері осы тұлғамен жеке еңбек шартын бұзуға міндетті.

10. Уәкілетті орган осы Заңда белгіленген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімді қабылдаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның мүшелері және бас бухгалтері болып табылатын басшы қызметкерлермен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға міндетті.";

9) 37, 38-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын және сақтандыру брокерін лицензиялау

1. Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін өтініш беруші (жұмыс істеп тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын қоспағанда) уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) сақтандыру ұйымын құруға не қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына рұқсат алған кезде ұсынылған бизнес-жоспарда көзделген сақтандыру сыныптары шегінде лицензия беру туралы өтінішті;

2) бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін;

4) статистикалық карточканың және салық төлеушісі туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмесін;

5) жарғыға енгізілген барлық өзгерістермен және толықтырулармен бірге (егер ондай болса) оның нотариатта куәландырылған көшірмесін;

6) ең аз мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін;

7) сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі ережесін;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алған кезде ұсынылған бизнес-жоспарға сай жүргізілген ұйымдық іс-шаралар туралы есепті;

9) өтініш берушінің штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтерді;

10) ішкі аудит қызметі туралы ережені;

11) егер сақтандыру ұйымының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қорға міндетті түрде қатысуы Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген болса, сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату кезінде міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) мұндай ұйымға қатысу шартының нотариатта куәландырылған көшірмесін табыс етуге т и і с .

2. Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге

асыру құқығына лицензия алу үшін сақтандыру ұйымы уәкілетті органға мынадай құжаттарды :

1) ө т і н і ш т і ;

2) актуарий қол қойған сақтандырудың сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес - жоспарды ;

3) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін қорға міндетті түрде қатысуы Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген болса, сақтандырудың міндетті түрлері бойынша осы ұйымға қатысу шартының нотариатта куәландырылған көшірмесін ;

4) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін;

5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген меншікті капиталдың мөлшері бойынша ең аз талаптардың орындалуын растайтын құжаттарды табыс етеді .

3. Сақтандыру сыныбы жөніндегі бизнес-жоспарда мынадай ақпарат болуы тиіс:

1) мыналар туралы негізгі сипаттамалар:

сақтандыру сыныбы бойынша өтелетін тәуекелдер;

сақтандыру портфелінің құрылымындағы сақтандыру сыныбының үлесі;

сақтандыру сыныбы бойынша қызмет көрсету нарығының сегменті (нарық көлемі, әлеуетті сақтанушылар, географиялық аймағы);

сақтандыру сыныбы шеңберінде сақтандыру өнімдерін өткізу тәсілдері;

2) сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібіне және экономикалық негіздеуге қойылатын талаптар ;

3) сақтандырудың осы сыныбы бойынша кірістер, шығыстар, сақтандыру резервтерін есептеу туралы таяу екі жылға болжам, шығындылық болжамы, ең нашар және ең жақсы деген жағдайда тәуекелдерді бағалау, пруденциалдық нормативтерді сақтау болжамы ;

4) қайта сақтандыру саясаты (қайта сақтандыру нысандары мен әдістері, қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау критериілері);

5) инвестициялық саясат .

4. Сақтандыру ұйымы сақтандыру ұйымын құруға рұқсатты алған кезде бизнес-жоспарда көрсетілген талаптарды орындау мерзімі аяқталғанға дейін сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны алу үшін уәкілетті органға хабарласуға құқылы емес.

5. Лицензиядан сақтандырудың жекелеген сыныптары алынған жағдайда лицензия сақтандырудың осы сыныптары алына отырып қайта ресімделуге жатады.

6. Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиядан сақтандырудың жекелеген түрлерін алу үшін сақтандыру ұйымы уәкілетті органға мынадай құжаттарды :

1) ө т і н і ш т і ;

2) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін;
3) сақтандырудың осы сыныбы бойынша бұрын жасалған сақтандыру шарттары бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелердің орындалуы бойынша іс-шаралар жоспарын табыс етеді.

7. Қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны алу үшін лицензиат уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өтінішті;

2) сақтандыру нарығында актуарийлік қызметті жүргізуге лицензиясы бар актуарий қол қойған, таяу екі жылға қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру жөніндегі бизнес-жоспарды;

3) сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға қабылдау рәсімін ашатын сақтандыру ұйымының ішкі ережелерін;

4) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін.

8. Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өтінішті;

2) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, статистикалық карточканың және салық төлеушісі туралы куәліктің нотариатта куәландырылған көшірмелерін;

3) мемлекеттік тіркеуден өткен жарғының нотариатта куәландырылған көшірмесін;

4) жарғылық капиталдың толық төленгенін растайтын құжаттарды;

5) осы Заңның 34-бабының талаптарына сәйкес сақтандыру брокерінің басшы қызметкерлерін келісу құжаттарын;

6) сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасау бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыру тәртібін көздейтін ішкі жұмыс регламентін;

7) құжаттаманы жүргізу тәртібін және клиенттерге қызмет көрсету шарттарын;

8) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесін;

9) мемлекеттік тіркеу туралы құжатты, тиісті мемлекеттің уәкілетті органының (қаржы ұйымдары үшін - қадағалау органдары) Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғаға - құрылтайшыға Қазақстан Республикасының резиденті - сақтандыру брокерінің жарғылық капиталына қатысуға рұқсат етілгендігі жөніндегі жазбаша хабарламаны не тиісті мемлекеттің заңдары бойынша мұндай рұқсат қажет еместігі туралы өтінішті;

10) тиісті мемлекеттің уәкілетті органының Қазақстан Республикасының резиденті емес - жеке тұлғада - құрылтайшыда экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және өзге де қаржы ұйымының басшы қызметкері ретінде заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес лицензиясы қайтарып алынған сәттен бастап, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, сақтандыру брокерін мәжбүрлеп тарату акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім

қабылданған сәттен бастап кемінде бір жыл бұрынғы кезеңдегі қызметі бойынша соттылығының жоқ екендігін куәландыратын құжатын табыс етеді. Көрсетілген талап лицензия қайтарып алынғаннан кейін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, сақтандыру брокерін мәжбүрлеп тарату, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл ішінде қолданылады.

9. Лицензия берілгені (қайта ресімделгені) үшін төлем мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін лицензиялық алым алынады.

10. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келетін құжаттардың толық топтамасы табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде лицензия беру (қайта ресімдеу) туралы өтінішті қарауға тиіс.

11. Лицензия беру туралы шешім уәкілетті органның ресми басылымдарында жарияланады.

12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны беру тәртібі мен шарттары, сондай-ақ осы баптың 1-3, 6-8-тармақтарында көрсетілген құжаттардың мазмұнына, оның ішінде сақтандыру тарифтерін есептеу мен оның экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

38-бап. Сақтандыру қызметін және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруден бас

тарту

1. Сақтандыру қызметін, қайта сақтандыру бойынша қызметті, сақтандыру брокері қызметін жүзеге асыру құқығына мынадай негіздер бойынша:

- 1) осы Заңның 37-бабында белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда;
- 2) егер өтініш беруші мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап алты ай ішінде заңдарға сәйкес лицензия алу үшін уәкілетті органға өтініш жасамаса лицензия беруден бас

тартылады.

2. Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия немесе осы баптың 1-тармағында аталған негіздерден басқа қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беруден мынадай негіздер бойынша:

1) сақтандырудың алынатын қосымша сыныбын ескере отырып пруденциалдық нормативтерді сақтамау болжамы;

2) өтінішті беру күніне дейін соңғы үш ай ішінде және оны қарау кезеңінде пруденциалдық нормативтерді сақтамаған;

3) өтінішті беру күніне сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру түрінде қолданылып жүрген санкциялар болғанда бас тартылуы мүмкін.";

10) 40 - бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган лицензияны беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келетін құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап бір ай ішінде қарайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Лицензия беру туралы ақпарат уәкілетті органның ресми басылымдарында жарияланады.";

1 1) 4 3 - б а п т а :

3) тармақшада ", оларды бақылап отыру құқығын иемденуге, олардың өз еркімен қайта құрылуына және таратылуына рұқсат, Қазақстан Республикасының аумағында да , оның аумағының шегінен тыс жерлерде де сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілеттіктерін ашуға" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 3-3) және 3-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) осы Заңның талаптарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иемденуге рұқсат беру мен қайтарып алу тәртібін айқындайды , сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иемденуге рұқсат береді, ірі қатысушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларын тікелей немесе жанама иелік ету үлесін белгілейді;

3-2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларымен мәміле жасауға к е л і с і м б е р е д і ;

3-3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз еркімен қайта құрылуына және таратылуына к е л і с і м б е р е д і ;

3-4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымын құруға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат береді;"

4) тармақшада "береді" деген сөз "осы Заңның талаптарын ескере отырып беру тәртібін айқындайды және береді;" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) мынадай мазмұндағы 46-1-баппен толықтырылсын:

"46-1-бап. Ірі қатысушылардың міндеттері

1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқылы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту бойынша шараларды қолға алады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқылы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы пруденциалдық нормативтерді белгіленген деңгейден төмен емес деңгейде ұстау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шараларды қолдануға міндетті.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқылы) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлеу қабілеті маржасының мөлшерін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген деңгейде қамтамасыз етуге міндетті.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (басқаруға құқығы бар) ірі қатысушысы жоқ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін жекелеген пруденциалдық нормативтерді және олардың нормативтік мәнін белгілеуге құқылы.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерінің деңгейі төмендеген жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының капиталында қомақты қатысуы бар ірі қатысушы уәкілетті органның талабы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын жақсарту, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатын мөлшерде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлеу қабілетінің маржасын ұлғайту бойынша шараларды қолдануға міндетті.

5. Егер уәкілетті орган осы тұлғалардың, олардың лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің құқық бұзулары, заңсыз іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын нашарлатқанын анықтаса, осы бапта келтірілген шаралар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушыларының аффилиирленген тұлғаларына қатысты қолданылады.";

1 3) 4 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға тыйым салынады, бұған мына жағдайлар:

1) қаржы ұйымдарының жарғылық капиталына қатысу;

2) Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасында акциялары ең жоғары санат тізіміне қосылған қаржылық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалар;

3) сақтандыру қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, сақтандырудың міндетті түрлері бойынша деректер базасын қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу;

4) қызметтің ерекше түрі ретінде сақтандыру агентінің қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу;

5) банктердің, сақтандыру ұйымдарының, зейнетақы қорларының, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының мәртебесі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар;

б) Қазақстан Республикасының резиденттері - акционерлік инвестициялық қорлар қ о с ы л м а й д ы .

Осы тармақтың 2) және 6) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысуы бір эмитенттің орналастырылған акциялары жалпы санының он процентінен аспауы тиіс.";

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2 және 1-3-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының осы баптың 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы бір заңды тұлғадан аспауы тиіс:

1) 1), 3), 4), 5) тармақшаларда көрсетілген заңды тұлғалар үшін - активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, олардың құнына қарай есептелген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлеу қабілеті нақты маржасының он бес процентінен;

2) осы баптың 1-тармағының 2) және 6) тармақшаларында көрсетілген қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалар үшін - активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, олардың құнына қарай есептелген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлеу қабілеті нақты маржасының он процентінен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржы ұйымдары болып табылмайтын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуының жиынтық сомасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлеу қабілеті нақты маржасының алпыс процентінен аспауы тиіс.

1-2. Егер қатысу үлесінің мөлшері көрсетілген өзгерістер болған сәттен бастап он күн ішінде он бес, отыз немесе қырық проценттен асып кетсе немесе сол деңгейден төмендесе, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесінің өзгергендігі жөнінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

1-3. Осы баптың 1-тармағында белгіленген шектеулер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдарының, капиталында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар ұйымдардың қызметіне қолданылады.";

2-тармақ алып тасталсын;

14) 53-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Егер уәкілетті орган осы тұлғалардың, олардың лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің құқық бұзушылықтары, заңсыз іс-әрекеттері мен әрекетсіздіктері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жай-күйін нашарлатқанын анықтаса, осы баптың 1-тармағында келтірілген шаралар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына қатысты қолданылуы мүмкін.";

15) мынадай мазмұндағы 53-1-баппен толықтырылсын:

"53-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына қолданылатын мәжбүрлеу шаралары

1. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларына

м ы н а д а й

ж а ғ д а й л а р д а :

1) уәкілетті органның ірі қатысушы мәртебесін иемденуге келісімін алмағанда;
2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы мәртебесін иемденгеннен кейін осы Заңның 26-1-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайлар т у ы н д а ғ а н д а ;

3) осы Заңның 53-бабының 1-1-тармағына сәйкес уәкілетті органның жазбаша н ұ с қ а у л а р ы н о р ы н д а м а ғ а н д а ;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының іс-әрекеті, солардың нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына зиян келтірілгенде;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы, солардың нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұ й ы м ы н а з и я н к е л т і р і л г е н д е ;

б) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының арасында осы Заңда көзделген уәкілетті органның қадағалау функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін қарым-қатынастар болғанда мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар болғанда уәкілетті орган:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысынан оның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы тікелей немесе жанама иелік ету үлесін дауыс беретін акциялардың он процентінен төмен деңгейге дейін азайтуды немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін басқаруға тікелей немесе жанама қатысуынан, оның ішінде дауыс беру құқығын жүзеге асыруынан бас тартуды талап етуге;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан ірі қатысушыға қатысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тәуекелге ұшырататын ол және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы арасындағы операциялардың жүзеге асырылуын тоқтата тұруды т а л а п е т у г е ;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан өз үлесін иелігінен алуды немесе еншілес ұйымдарды немесе жарғылық капиталында қомақты қатысуы бар ұйымдарды бақылауын алуды талап етуге құқылы.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 20-бабының 8-тармағында көзделген талаптарды уәкілетті орган белгілеген мерзім ішінде орындамаған жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлерімен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының акцияларын уәкілетті органға үш айға дейінгі мерзімге уәкілетті органның сенімгерлік басқарушы ретінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын басқаруға қатысу құқығымен беру туралы шартты жасау жөнінде шешім қабылдауға, ал сенімгерлік басқаруға беру үшін негіздер жойылмаған жағдайда осы тұлғалардың акцияларын бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында сату арқылы оларды иеліктен шығаруға құқылы, бұл ретте акцияларды сатудан түскен ақша

акциялары уәкілетті органның сенімгерлік басқаруына берілген тұлғаларға аударылады

Акционерлер акцияларды сенімгерлік басқаруға беруден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган шартты жасасуға мәжбүр еткендігі туралы талаппен сотқа өтініш білдіруге құқылы.

4. Мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.";

16) 54 - бапта :
1 - тармақта :

5) тармақшада "келісу тәртібіне" деген сөздер "келісумен" деген сөздермен ауыстырылсын, ", сақтандыру брокерінің" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өткізілген аудит туралы аудиторлық ұйымның есебінде көрсетілген бұзушылықтарды осы Заңның 20-бабының 8-тармағында көрсетілген мерзімде қасақана жоймауы;"

4-тармақта "2) және 5) тармақшаларындағы" деген сөздер "2) тармақшасындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 55 - бапта :
1 - тармақта :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы немесе сақтандыру брокері лицензия берілген күннен бастап он екі ай ішінде лицензиялық қызметті жүзеге асырмаған;" ; мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат берілген кезде оған ұсынылған бизнес-жоспардағы оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып не сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспардағы оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып қорытынды болжамды нәтижелердің осы бизнес-жоспарды орындау кезеңі аяқталғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нақты қорытынды нәтижелеріне сәйкес келмеуі;" ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Сақтандыру ұйымының лицензиясы сақтандырудың барлық сыныптары бойынша да, жекелеген сыныптары бойынша да қайтарып алынуы мүмкін.";

18) 59-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарды бұзуына әкеліп соқтырған" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 73-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын :

"6) тарату шығыстарының сметасын жасау және бекіту ерекшеліктері мен тәртібін белгілеуге ;

7) тарату комиссияларының кассада қолма-қол ақшаны сақтау, қолма-қол ақшамен кіріс және шығыс операцияларын жасау, касса құжаттарын жүргізу ережелерін сақтау, қолма-қол ақшаны жұмсауды, кассадағы қалдық лимиттерін, сондай-ақ қолма-қол ақшаны тарату комиссиясының ағымдағы шотына тапсыру мерзімін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды айқындауға құқылы.";

20) мынадай мазмұндағы 74-1-баппен толықтырылсын:

"74-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының есеп беруі

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысы уәкілетті органға қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күн ішінде қаржылық есепті және оның түсіндірме жазбасын жыл сайын ұсынуға тиіс.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жеке тұлға болып табылатын ірі қатысушысы уәкілетті органға қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күн ішінде кірістер және мүліктер туралы мәліметтері бар есеп беруді, сондай-ақ мынадай ақпараттарды ұсынуға тиіс:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге тұлғалармен бірлесіп өз арадағы шарт күшіне орай не басқа тәсілмен қабылданатын шешімнің ықпалды, оның ішінде мазмұнында мұндай ықпал мүмкіндігін анықтайтын өкілеттікті бөлу сипаттамасын;

2) жарғылық капиталында (акцияларда) оған тиесілі қатысу үлесін көрсете отырып, ұйымдардағы алып отырған қызметтері туралы;

3) ұйымдардың жарғылық капиталында (акцияларда) алынған заемдар есебінен оған тиесілі қатысу үлесін сатып алу туралы;

4) жақын туыстары, зайыбы және жұбайының (зайыбының) жақын туыстары туралы.

Есеп беру тәртібі мен нысаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да астам процентін иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушы уәкілетті органға мыналарды ұсынуға тиіс:

1) есепті тоқсаннан кейінгі айдың қырық бес күні ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есеп беруді және оған түсіндірме жазбаны;

2) қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күн ішінде шоғырландырылған және шоғырландырылмаған қаржылық есеп беруді және оған аудиторлық ұйымы куәландырмаған түсіндірме жазбаны;

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының заңды тұлға болып табылатын ірі қатысушысының жылдық қаржылық есеп беруіне түсіндірме жазбаға, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да астам процентін иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) ірі қатысушының тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есеп беруге түсіндірме жазбаларда мынадай ақпарат көрсетілуі тиіс:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да астам процентін иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) заңды тұлғаның) ірі қатысушының қызмет түрлерінің сипаты;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да астам процентін иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) заңды тұлға) ірі қатысушы (акционер) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталына (тиесілі акциялар саны) қатысу мөлшері мен үлесі, қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаты, ұйымның қаржылық есеп беруінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да астам процентін иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) заңды тұлғаның ірі қ а т ы с у ш ы с ы б о л ы п т а б ы л а д ы ;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да астам процентін иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) заңды тұлғаның) ірі қатысушысы болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталына (тиесілі акциялар саны) қатысу мөлшері мен үлесі, қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаты, сондай-ақ аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтер, ірі қатысушыларды бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушыларды бақылайтын тұлғалардың еншілес және т ә у е л д і ұ й ы м д а р т у р а л ы ;

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан да астам процентін иелік ететін (дауыс беруге мүмкіндігі бар) ірі қатысушы болмаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы осы баптың 4-тармағында көрсетілген қаржылық есеп беруді және ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі бес жұмыс күннен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынуға тиіс."

14. "Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 5, 32-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 1-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

2) 3 - б а п т а :

3-тармақтың екінші бөлігі ", егер кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе." деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "уәкілетті орган берген лицензия негізінде банктік және өзге де операциялардың" деген сөздер "қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның лицензиясыз банк операцияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ алып тасталсын;

3) 4 - б а п т а :

2-тармақтың 3) тармақшасы "қатысушылар салған міндетті салымдар мен қосымша

жарналарды ескере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың 5) тармақшасындағы "салу тәртібі мен шарттары" деген сөздер "салу және алу тәртібі мен шарттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын;

"2. Кредиттік серіктестік қатысушылары жалпы жиналысының айрықша құзыретіне , Қазақстан Республикасының өзге заң актілерінде көзделген мәселелерден басқа:

1) серіктестіктің мәміле жасауы немесе өзара байланысқан мәмілелердің жиынтығы туралы, оның нәтижесінде серіктестік құны серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан астамын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иелігінен шығарды ;

2) оның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан астам процентін құрайтын сомаға серіктестіктің міндеттемелерін ұлғайту туралы;

3) кредиттік серіктестік қызметінің бағыты туралы;

4) кредиттік серіктестіктің кредиттік және инвестициялық саясатын айқындау туралы ;

5) басқарма мүшелерінің, тексеру комиссиясының (ревизордың) және кредиттік серіктестіктің басқа да қызметкерлерінің төленетін еңбекақысы мөлшерін белгілеу тәртібі туралы ;

6) қатысушылардың қосымша жарна салу және алу тәртібін белгілеу туралы;

7) кредиттік серіктестіктің активтерін есептен шығару тәртібі туралы;

8) қатысушылардың кредиттік серіктестікке қабылдану және одан шығу тәртібі туралы ;

9) шығыстар мен кірістердің жылдық сметасын және оның атқарылуы туралы есепті бекіту туралы ;

10) есеп жүргізу саясатын қалыптастыру туралы;

11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту туралы;

12) олар бойынша шешім қабылдау серіктестіктің жарғысымен қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер жөнінде шешім қабылдау жатады.";

5) 9-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

6) 12-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

7) 16-бапта "Жарғыда көзделген жағдайларда" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 17, 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Кредиттік серіктестіктердің қызметі

1. Кредиттік серіктестіктерге, осы Заңның 18-бабында көзделген қызмет көрсетуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Кредиттік серіктестіктер өз қызметін операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ереженің, кредиттік комитет және кредиттік серіктестіктің жоғары органы -

кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы бекітетін кредиттік серіктестіктің ішкі ережелері туралы ереженің негізінде жүзеге асырады.

3. Операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережеде:

- 1) берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері;
- 2) кредиттер бойынша сыйақы ставкаларының шекті шамалары;
- 3) қатысушыларға операциялар жүргізу үшін шекті ставкалар мен тарифтер;
- 4) кредиттік серіктестіктің және оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, о л а р д ы ң ж а у а п к е р ш і л і г і ;
- 5) кредиттік серіктестік қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;
- 6) өзге де шарттар болуға тиіс.

4. Кредиттік серіктестіктің ішкі ережесінде:

- 1) құрылымдық бөлімшелердің құрылымы, міндеттері, функциялары мен ө к і л е т т і к т е р і ;
- 2) құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттері;
- 3) кредиттік серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері кредиттік серіктестіктің атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі олардың өкілеттіктері белгіленуге тиіс.

5. Кредиттік серіктестіктің кредиттік комитеті туралы ережеде:

- 1) кредиттік комитеттің құрылымы, міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері;
- 2) кредиттік комитет мүшелерінің жауапкершілігі;
- 3) кредиттік шарттарды бекіту рәсімін;
- 4) кредиттік серіктестіктің жоғары және атқару органдарының, сондай-ақ оның лауазымды тұлғаларының заемның мөлшеріне қарай оны беру туралы шешім қабылдау жөніндегі өкілеттіктері белгіленуге тиіс.";

"18-бап. Кредиттік серіктестік жүзеге асыратын операциялар

1. Кредиттік серіктестік өзінің қатысушылары үшін ұлттық валютамен мынадай операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

1) аударым операциялары: төлемдер және ақша аударымы жөніндегі т а п с ы р м а л а р д ы о р ы н д а у ;

2) заем операциялары: төлем жасалу, мерзімділік және қайтарылу шартымен ақшалай нысанда кредиттер беру;

3) сейф операциялары: сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттама нысанында шығарылған бағалы қағаздарды, құжаттар мен құндылықтарды сақтау жөніндегі қызметтер;

4) лизинг қызметін жүзеге асыру;

5) кредиттік серіктестік қатысушыларының шоттарын ашу және жүргізу;

6) кредиттік серіктестіктің қатысушыларына ақша нысанында орындауды көздейтін банктік кепілдіктерді, банктік кепілгерлікті және өзге де міндеттемелерді Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары жөніндегі ережеде көзделген сомалар

ш е г і н д е

б е р у ;

7) факторинг операциялары: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемеу тәуекелін қабылдай отырып, кредиттік серіктестік қатысушысынан төлемді талап ету құқығын иелену.

2. Кредиттік серіктестік өз мүлкін пайдаланумен байланысты кіріс алуға құқылы.

3. Кредиттік серіктестік инвестициялық қызметті жүзеге асыруға құқылы.";

10) 21-баптың 5, 6-тармақтарындағы "банк" деген сөз алып тасталсын;

11) мынадай мазмұндағы 22-1, 22-2-баптармен толықтырылсын:

"22-1-бап. Кредиттік серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Кредиттік серіктестік қатысушыларының шешімі бойынша, сондай-ақ оған құрылтай құжаттарымен уәкілетті кредиттік серіктестік органының шешімі бойынша кредиттік серіктестік кез келген негіздеме бойынша таратылуы мүмкін.

2. Соттың шешімі бойынша кредиттік серіктестік:

1) банкрот болған;

2) қатысушылардың саны үштен кем болған және (немесе) жарғылық капитал ең төменгі деңгейден азайған жағдайларда;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін.

3. Кредиттік серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

22-2-бап. Кредиттік серіктестіктердегі есепке алу және есеп беру

1. Кредиттік серіктестіктер операцияларды және оқиғаларды есепке алуды Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырады. Кредиттік серіктестіктің есеп жүргізу саясатын оның жалпы жиналысы айқындайды.

2. Кредиттік серіктестік бухгалтерлік есепке алу мен есептілікті жасаған кезде пайдаланылатын құжаттарды қатаң есепке алуды және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Кредиттік серіктестік салық есептілігін және өзге есептілікті Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен табыс етеді.";

12) 7-тараудың атауы, 23, 24, 25, 26 және 27-баптар алып тасталсын.

15. "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 17-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1) 4-баптың 3-тармақшасы мынадай мазмұндағы 16), 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) төлем карточкаларын шығару;
17) өзінің бағалы қағаздарының (акцияларды қоспағанда) эмиссиясы жатады.";

2) 6-баптың 2-тармағында:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) лицензиясыз, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган беретін лицензия негізінде жүзеге асырылатын жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауды, олардың банк шоттарын ашуды және жүргізуді қоспағанда, осы Заңның 4-бабының 3-тармағында көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырады.

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық почта операторының жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, олардың банк шоттарын ашу және жүргізу жөніндегі қызметін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган, оның ішінде жекелеген пруденциалдық нормативтерді белгілеу және лицензиялар беру арқылы реттейді."

16. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат, 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 24-құжат):

1) 1-баптың 69) тармақшасы алып тасталсын;

2) 45-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Лицензиат бағалы қағаздар рыногында өз қызметін тек мыналарды белгілейтін ішкі құжаттары болған жағдайда ғана жүзеге асыруға құқылы:

бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібін;

операцияларды жүргізудің жалпы шарттарын;

лицензиаттың және оның клиентінің құқықтары мен міндеттерін, олардың жауапкершілігін;

лицензиаттың директорлар кеңесі ішкі құжаттарға қосуға қажет деп санайтын өзге де шарттарды, талаптар мен шектеулерді.

Ішкі құжаттарды лицензиаттың директорлар кеңесі бекітуі тиіс.";

3) 48-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін ұйымдық құрылымның болуы;"

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) өтініш берушінің ішкі аудит қызметі туралы ереженің болуы.";

4) 51-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) бағалы қағаздар рыногы лицензиаттарының басшы қызметкерлерін келісумен

байланысты талаптар бұзылған жағдайларда лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.";

5) 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Өтініш берушінің (лицензиаттың) оқшауланған бөлімшелерінің бірінші басшыларын қоспағанда, өтініш берушінің (лицензиаттың) бірінші басшысы және директорлар кеңесінің мүшелері, басқарманың бірінші басшысы мен мүшелері, бас бухгалтері, өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін және (немесе) оған бақылау жасайтын және солардың негізінде бағалы қағаздар рыногында мәмілелер жасалатын құжаттарға қол қою құқығына ие өтініш берушінің (лицензиаттың) өзге басшылары өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкерлері болып табылады.

2. Өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері болып:

1) жоғары білімі жоқ;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тізбеге сай басшы қызметкерлеріне арналған біліктілік куәліктері жоқ;

3) осы бапта белгіленген қаржылық қызмет көрсету және (немесе) реттеу саласында жұмыс стажы жоқ;

4) экономикалық қызмет саласында жасалған қылмыс үшін, мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық пен өзге де қылмыстар үшін заңдарда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

5) уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, оның лицензиясын қайтарып алу туралы, сондай-ақ оны мәжбүрлеп тарату немесе заңдарда белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешімді қабылдағанға дейін кемінде бір жыл бұрынғы кезеңде қаржы ұйымы директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы немесе оның орынбасары, бас бухгалтері болған. Уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, оның лицензиясын қайтарып алу туралы, сондай-ақ оны мәжбүрлеп тарату немесе заңдарда белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешімді қабылдағаннан кейін бес жыл ішінде көрсетілген талап қолданылады;

6) басшы қызметкер өзге қаржы ұйымында басшы қызметкері лауазымында болған кезеңде сол лауазымға тағайындауға (сайлауға) келісімі қайтарылып алынған адамдар тағайындала (сайлана) алмайды. Уәкілетті орган басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға келісімін қайтарып алу туралы шешімді қабылдағаннан кейін соңғы он екі ай ішінде көрсетілген талап қолданылады.

3. Өтініш берушінің (лицензиаттың) директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз

проценті тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс.

4. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген ең төмен талапқа сәйкес келуі үшін :

1) өтініш берушінің (лицензиаттың) тәуелсіз директоры, басқарманың бірінші басшысы, бас бухгалтері лауазымына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) реттеу саласында кемінде үш жыл;

2) өтініш берушінің (лицензиаттың) басқарма мүшелері лауазымына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) реттеу саласында кемінде екі жыл;

3) өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіретін және (немесе) оған бақылау жасайтын және солардың негізінде бағалы қағаздар рыногында мәмілелер жасалатын құжаттарға қол қою құқығына ие өзге басшылары лауазымына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) реттеу саласында кемінде бір жыл жұмыс стажының болуы қажет.

Тәуелсіз директорды қоспағанда, директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері лауазымына кандидаттар үшін қаржылық қызмет көрсету және (немесе) реттеу саласында жұмыс стажы қажет емес.

Осы тармақта айқындалған жұмыс стажына шаруашылық қызметін жүзеге асыруға байланысты қаржы ұйымының бөлімшелерінде істелген жұмыс кірмейді.

5. Басшы қызметкер уәкілетті органның келісімінсіз өз лауазымында ол тағайындалған (сайланған) күннен бастап алпыс күнтізбелік күннен астам емес болуға құқылы.

Осы тармақта көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін және уәкілетті органның келісуіне құжаттарды ұсынбаған жағдайда не уәкілетті орган келісуден бас тартқан жағдайда, өтініш беруші (лицензиат) осы адаммен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға міндетті.

6. Уәкілетті органның өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымына сайлауға (тағайындауға) келісімін беру тәртібі, келісімді алуға қажетті құжаттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

7. Уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартқан не оны өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымынан босатқан немесе осы өтініш берушіде (лицензиатта) өзге лауазымға аударылған жағдайда осы тұлға оны сайлауға (тағайындауға) келісім беруден бас тарту не оны босату, не басқа лауазымға аудару туралы шешім қабылданған күннен бастап тоқсан күнтізбелік күн өткеннен кейін осы өтініш беруші (лицензиат) басшы қызметкерінің лауазымына қайта тағайындалуы (сайлануы) мүмкін, бірақ он екі ай ішінде екі реттен астам емес.

8. Уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім беруден қатарына екі рет бас тартқан жағдайда, осы тұлға уәкілетті орган оны осы өтініш берушіде (лицензиатта) сайлауға (тағайындауға)

келісім беруден екінші рет бас тарту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап он екі ай өткеннен кейін осы кандидат өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері болып тағайындалуы мүмкін.

9. Уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) мынадай негіздер бойынша:

- 1) солардың негізінде келісім берілген күмәнді мәліметтер анықталғанда;
- 2) уәкілетті органның басшы қызметкерге жүйелі түрде санкцияларды қолданғанда (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде үш және одан да астам мәрте).

Уәкілетті орган өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін қайтарып алған жағдайда өтініш беруші (лицензиат) осы тұлғамен жасалған жеке еңбек шартын бұзуға міндетті."

17. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат; 2004 ж. N 16 (2424), 91 - құжат) :

9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) тармақшалармен толықтырылсын :

- "7-1) қаржы ұйымдары акционерлерінің жалпы жиналысына қатысады;
- 7-2) уәкілетті органның мүдделерін білдіру, сондай-ақ ақпаратпен шұғыл алмасу мақсатында уәкілетті орган қаржы ұйымдарында өз өкілін ұстауға құқылы."

18. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі N 573-II Заңына Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15 (2424), 87-құжат) :

18-баптың 1) тармақшасындағы "ломбардтар мен кредиттік серіктестіктерді қоспағанда қарыз операцияларын жүргізуге лицензиясы бар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар" деген сөздер "жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын банктік заем операцияларын жүргізуге лицензиясы бар ипотекалық компаниялар немесе жалғыз құрылтайшысы мемлекет болып табылатын заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2 - б а п . А у ы с п а л ы е р е ж е л е р

1. Осы Заңға сәйкес лицензиялауға жатпайтын қызмет түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар осы Заң қолданысқа енген күннен бастап алты ай ішінде уәкілетті органға лицензияны қайтарып беруге міндетті және мұндай лицензиялардың қолданылуы тоқтатылды деп есептеледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгенге дейін есеп айырысу-касса бөлімдерін құрған банктер оларды банктің филиалдары ретінде әділет органдарында осы Заң қолданысқа енген күннен бастап он екі ай ішінде тіркеуге міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағының талаптарын орындамаған банктер өздерінің есеп

айырысу-касса бөлімдерінің қызметін көрсетілген тармақпен белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей тоқтатуға міндетті.

3 - б а п . Қ о л д а н ы с қ а е н г і з у

2006 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енетін осы Заңның 1-бабының 4-тармағын қоспағанда, осы Заң алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК